



«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛГЕН
«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университеті»
КеАҚ Басқармасының
28 тамыз 2024 жылғы
№ 37 хаттамасымен

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ


Коды	Басылым	Құрастырған	Келісілді
II БҚМУ 23-09	Сегізінші	Алекенова Н.У.  <u>26. 08</u> 2024 ж.	Абенова Н.А.  <u>27. 08</u> 2024 ж.

Ақтөбе, 2024

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 2-беті

Мамзұны

Жалпы ережелер	3
Глоссарий	5
Қысқартулар мен белгілеулер	11
Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат.....	12
Студентке бағытталған білім беру, оқыту және бағалау	12
1-тарау. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ	14
1. Білім беру үдерісін ұйымдастыру	14
2. "Академиялық қызмет" бағыты бойынша мүдделер қақтығысын мониторингілеу	16
3. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және білімін бағалау жүйесі	16
4. Балдық-рейтингтік жүйе бойынша рейтингті есептеу әдістемесі	21
5. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау	22
6. Академиялық демалыс беру тәртібі	25
7. Академиялық ұтқырлық	26
8. Білім алушыларды оқудан шығару	28
9. Тәртіптік жазалар	29
2-тарау. БАКАЛАВРИАТ, ИНТЕРНАТУРА.....	32
1. Білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарлары.....	32
2. Практиканы ұйымдастыру және өту.....	32
3. Білім алушылардың білім беру траекториясын таңдауы.....	34
4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау жүйесі және білімдерін бағалау	35
3-тарау. РЕЗИДЕНТУРА.....	40
1. Білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарлары	40
2. Резидентурада білім беру үдерісін ұйымдастыру	41
3. Ағымдық, межелік және аралық бақылау	43
4. Қорытынды аттестаттау мен резидентураны аяқтағандығы туралы куәлік беру	44
4-тарау. МАГИСТРАТУРА, ДОКТОРАНТУРА	46
1. Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны. Магистратура мен докторантурада білім беру процесін ұйымдастыру	46
2. Магистратура мен докторантурада практиканы ұйымдастыру және өту	49
3. Білім алушының білім беру траекториясын таңдау	52
4. Магистратура мен докторантурадағы қорытынды аттестаттау	52
5. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды оқыту мерзімдеріне қойылатын талаптар	
Өзгерістерді тіркеу парағы	55
Танысу парағы	56

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 3-беті</p>

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Академиялық саясат студентке бағдарланған білім беруді жүзеге асыру мен білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру бойынша іс-шаралар, ережелер мен процедуралар жүйесі болып табылады. Академиялық саясат (мұнан әрі Саясат) Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілеріне, оқытушы-профессорлық құрылымына, білім алушыларға және өзге де қызығушылық танытатын тұлғаларға арналған.

Академиялық саясат білім беру сапасы саласындағы миссияларды, келешекке деген жоспарларды және саясатты ескере отырып, ҚР білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамалар негізінде әзірленеді.

Миссиясы: білім, ғылым және клиниканың үштұғырлылығы негізінде жоғары білікті медициналық кадрлар даярлау арқылы университеттің Қазақстанның дамуына қосатын үлесін үздіксіз арттыру.

Университеттің Академиялық саясатының **мақсаты** - еңбек нарығының, жеке тұлғаның сұраныстарын қанағаттандыратын және әлемдік ең үздік іс-тәжірибелерге сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу.

Академиялық саясаттың **міндеттері:**


- денсаулық сақтау саласына медициналық кадрларды даярлау;
- білімнің, ғылым мен практиканың өзара кірігушілігін қамтамасыз ету;
- жоғары білім берудің халықаралық кеңістігіне кірігуді қамтамасыз ету;
- оқытудың инновациялық технологияларын енгізу;
- білім беру бағдарламаларының ішкі және сыртқы бағалануының жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз ету.

Университет академиялық қызметтің төмендегі жетекші принциптерін анықтайды:

- барлық білім алушыларға бірдей сапалы және қол жетімді білім алуға тең мүмкіндіктер ұсыну;
- білім алушыларға оқытудың жеке траекторияларын таңдай алу мүмкіндігін беру және элективті пәндерді таңдау мен білім алушылардың электронды оқу порталындағы өз прогресін қадағалап отыру арқылы қажетті дағдыларын дамыту барысында академиялық еркіндіктер беру;
- білім беруге, ғылым мен практикаға инновациялар енгізу арқылы денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесінің талаптарына және халықаралық стандарттарға сай келетін кәсіби мамандар даярлау;
- академиялық адалдық принциптерін сақтау мен сыбайлас жемқорлықтың және кемсітушіліктің кез-келген формаларына төзбеушілікпен қарау;
- қызығушы тараптар үшін ақпараттың тазалығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- білім алушылардың: нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық айырмашылықтары, әлеуметтік және отбасылық жағдайлары, физикалық мүмкіндіктері, жас ерекшелігі немесе өзге де субъективті критерийлеріне байланысты кемсітушіліктерге жол бермеу.

Осы Академиялық саясат төмендегі директивалық және нормативтік құжаттарға сай әзірленген:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ЗРК «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» бұйрығы.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың 20 наурызындағы №137 «Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 4-беті</p>

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №27 «Клиникалық мамандықтар бойынша үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.

8. ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуір күнгі №152 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

9. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-16 «Медицина кадрларын интернатурада даярлау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

11. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 «Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

12. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-270/2020 «Резидентурада мемлекеттік тапсырысты орналастыру, оқуға қабылдау және медицина кадрларын даярлау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

15. ҚР ДСМ 2021 жылғы 25 мамырдағы № ҚР ДСМ-43 «Резидентура бағдарламаларының медициналық мамандықтар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.

16. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы (ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 07.02.2019ж. №161 бұйрығымен бекітілген).

17. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттары (ережелер, рәсімдер және т.б.).


Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне, Университеттің Жарғысы мен стратегиясына, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда Саясаттың ережелері де қайта қаралуы мүмкін.

ГЛОССАРИЙ

Осы саясатта мына терминдер қолданылады:

Академиялық адалдық – білім беру бағдарламаларын игеру және білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде жазбаша (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) жұмыстарды орындау кезінде, білім алушылардың адалдығын, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және өзге білім алушылармен, сонымен бірге бағалау кезінде өз ұстанымдарын білдіруге негізделген құндылықтар мен қағидалар жиынтығы.

Академиялық анықтама (Transcript) - білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша академиялық сағаттары мен бағалары көрсетілген оқытудың тиісті кезеңіне сәйкес келетін пәндердің тізімінен тұратын құжат.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 5-беті

Академиялық дәреже (Degree) - қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша, тиісті оқу бағдарламаларын меңгерген білім алушыларға білім беру ұйымдары тағайындайтын дәреже.

Академиялық демалыс – білім беру мекемесінде білім алушылардың медициналық көрсеткіштер және өзге де ерекше себептермен өз оқуын уақытша тоқтата тұратын кезең.

Академиялық еркіндік - білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім беру мазмұнын дербес анықтау және білім беру қызметін ұйымдастыру үшін білім беру үдерісі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы.

Академиялық кезең – білім беру ұйымының өз бетімен белгілейтін, семестр, триместр, квартал формаларының бірі түріндегі теориялық және практикалық оқу кезеңі.

Академиялық кредит – білім алушы мен оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін есептеудің бірыңғайланған өлшем бірлігі.

Академиялық кредиттерді қайта есептеу – басқа оқу орнында немесе басқа оқу жоспары бойынша оқылған пәннің мазмұнының бекітілген және қазіргі кезеңде қолданыстағы мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарына баламалығын пәнді және одан алынған бағасын білім алушының транскриптіне енгізе отырып тану рәсімі.

Академиялық күнтізбе - оқу жылы бойы демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

Академиялық қарыз – оқу жоспарына сәйкес білім алушының оқу жетістіктері бойынша оқылмаған пәндердің болуы немесе қорытынды бақылау бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы бар пәндердің болуы.

Академиялық сағат - кесте бойынша немесе жеке бекітілген кестеге сәйкес оқу сабақтарының барлық түрлерінде (аудиториялық жұмыс) білім алушылардың оқытушымен тікелей жұмыс уақыты.

Академиялық саясат – студентке бағдарланған білім беруді жүзеге асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру үдерісін басқаруды жақсарту мен оқу үдерісін тиімді ұйымдастырудың іс-шараларының, ережелері мен процедураларының жиынтығы.

Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылына) басқа ЖОО-ға (ел ішінде немесе шетелде) меңгерілген оқу бағдарламаларын, пәндерді өз университетінде академиялық кредиттер түрінде міндетті түрде қайта тапсыра отырып немесе басқа ЖОО-да оқуды жалғастыру үшін ауыстыру.

Академиялық үлгермеушілік - білім беру бағдарламасының бір немесе бірнеше оқу пәндері, курстар, пәндер (модульдер) бойынша аралық аттестаттаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері немесе дәлелді себептер болмаған кезде аралық және қорытынды аттестаттаудан, практикадан өтпеуі танылады.

Апелляция – білім алушыларының білімін әділетсіз бағалауға ықпал ететін фактілерді айқындап және жою мақсатында жүргізілетін үдеріс.

Аралас оқыту (blended learning) – оқытудың дәстүрлі және қашықтықтан оқыту формаларын үйлестіру.

Аудиториялық сабақтар - аудиториялық сабақтарға дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық жұмыстар және т. б. жатады.


Аудиториядан тыс сабақтар (байланыс және байланыссыз) – оларға оқытушы басшылығымен өзіндік жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, білім алушының өзіндік жұмысы жатады.

Бакалавр – жоғары білімнің білім беру бағдарламасын игерген тұлғаларға тағайындалатын академиялық дәреже.

Бакалавриат - оқу бағдарламалары тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып мамандар даярлауға бағытталған жоғары білім.

Бақылау-өлшеу құралдары (БӨҚ) – пән бойынша білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын бағалаудың құралдары.

Бейінді магистратура - денсаулық сақтау саласы үшін басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған, білім беру бағдарламалары терең кәсіптік даярлыққа ие жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 6-беті

Бейіні бойынша доктор – кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

Біліктіліктің салалық шеңбері – біліктіліктің сала бойынша танылған құрылымдық сипаттамасы.

Білім алушының академиялық рейтингі - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының пән бойынша оқу бағдарламасы мен модульдерін және оқу іс-әрекетінің өзге де түрлерін игеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу бағдарламасын оқып болғаннан соң сол оқу пәні бағдарламасына сәйкес оқу жетістіктерін (білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзіреттіліктерін) деңгейлерін бағалау процедурасы.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – білімнің сәйкес деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес оқу пәндерінің және (немесе) модульдерді, оқу сабақтарының өзге де түрлерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Білім алушылардың оқу жетістіктері - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау – білім алушылардың білім деңгейлерін жоғарғы оқу орны өзі анықтайтын түрліше бақылау формалары (ағымдық, межелік және қорытынды) мен аттестаттаулар арқылы тексеру.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол резиденттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - РӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, сабақ кестесіне және (немесе) кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу пәнінің жекелеген тақырыптары, тараулары, модульдер бойынша жүйелі түрде тексеру.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

Білім беру бағдарламаларының академиялық комитеті - университеттің барлық деңгейлерінде құзыреттілікке бағытталған оқытуға негізделген медициналық білім беру моделінің принциптерін жүйелі түрде енгізуді жүзеге асыратын кеңестік әдістемелік орган.

ББ (пәндердің) оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) – білім беру бағдарламасын (пәнді) табысты игеруге ықпал ететін негізгі оқу-әдістемелік құжаттама пакеті.

Білім беру порталы – білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараттарын қамтитын ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің өзара байланысты жүйелік-ұйымдастырылған жиынтығы.


Білім беру үдерісі – білім беру бағдарламасын жүзеге асырушы білім беру қызметінің субъектісі ұйымдастыратын оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық негізделген мақсатты үдерісі.

Білім туралы құжаттарды нострификациялау – басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Визитинг профессор (Visiting professor) – өзінің оқу орны болып табылмайтын оқу орнына уақытша оқыту немесе зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін шақыртылған профессор.

Ғылыми-педагогикалық магистратура – білім беру бағдарламалары жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

Дайындық бағыты – бір кәсіптік саладағы түрлі деңгейлі білім беру бағдарламаларының жиынтығы.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 7-беті

Дәрігер резидент - бұл клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеретін маман.

Дифференциалды сынақ – бұл оқу нәтижелері негізінде белгілі бір пән бойынша (көлемі 1-2 кредит) білім алушының оқу материалын меңгеруін бағалауды көздейтін аралық бақылау нысаны. Бағалау рейтинг бойынша қалыптасады.

Докторант - докторантурада оқитын тұлға.

Докторантура - білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD) (бейін бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде меңгере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Докторлық диссертация – нәтижесін жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктеуге болатын теориялық ережелер әзірленген немесе ғылыми проблема шешілген не енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған дербес зерттеу болып табылатын докторанттың ғылыми жұмысы.

Дублин дескрипторлары - Еуропалық жоғары білімнің біліктілік шеңберінің құрамдас бөлігі. Дублиндік дескрипторлары жоғары білім берудің әрбір циклінде оқыту нәтижелерін бағалауға келісімді талаптарын ұсынады және жоғары білім берудің ұлттық жүйесінде жоғары дәрежеде нақтылана қолданылуы мүмкін.

Емтихан – пән бойынша білімін, дағдылары мен машықтарын бағалаудың қорытынды формасы.

Емтихан сессиясы – ЖЖБББҰ-да білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі. Қысқы және жазғы емтихан сессиялары болады.

Еуропалық трансферт және кредит жинақтау жүйесі – білім алушының шет елдерде білім алулары кезінде алған кредиттерін өз білім беру мекемесіне қайта оралған кезде дәреже алу барысында қайта есептеу, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттер жинақтау тәсілі.

Жазғы семестр – ақылы негіздерде академиялық қарыздарды, академиялық айырмашылықтарды жою немесе белгіленген көшіру бабын жинау мүмкіндігі.

Жеке оқу жоспары (ЖекеОЖ) – студенттің типтік оқу жоспары мен таңдау пәндерінің каталогі негізінде әр оқу жылына эдвайзердің көмегімен өз бетімен құрастыратын оқу жоспары.

ЖОО компоненті (бұдан әрі - ЖК) - ЖЖБББҰ білім беру бағдарламасын меңгеру үшін дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

Жұмыс оқу жоспары – ЖЖБББҰ типтік оқу жоспары мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде жасап, бекітетін, оқу пәндерінің (модульдерінің) тізбесі мен көлемдерін, білім алушылардың білім алуын ұйымдастырудың, білімдері мен шеберліктерін бағалаудың қарқындылығы мен негізгі формаларын, кәсіптік даярлық деңгейлерін анықтайтын, университет басшысы бекітетін құжат. ЖОЖ құрылымын ЖЖБББҰ дербес анықтайды.


Интерн - тәлімгердің бақылауымен интернатураның білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алушы.

Интернатура – клиникалық практикаға рұқсат алу үшін білім алушыларды базалық жоғары медициналық білім шеңберінде клиникалық мамандықтар бойынша даярлау нысаны.

Кәсіптік практика – болашақ кәсіби қызметімен байланысты белгілі бір жұмыстар түрлерін атқару барысында теориялық білімдерін, шеберліктерін бекітуге, тәжірибелік дағдылар мен күзінеттіліктерді меңгеру мен дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі.

Кешенді тестілеу - оқу жылының қорытындысы бойынша 1 курс білім алушыларының білімін базалық пәндер бойынша бағалау.

Клиникалық база – жергілікті денсаулық сақтау мекемелерінің базасында жұмыс жасайтын, материалдық-техникалық деңгейі жоғары, ұйымдастырушылық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеудің қазіргі заманғы әдістерінің негізінде дәрігерлерді, ғылыми кадрларды оқыту және қайта даярлау ісімен шұғылданатын, медициналық көмектің барлық түрлерін көрсететін жоғарғы және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымының клиникасы.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 8-беті

Клиникалық жетекші – резидентура тыңдаушысына қажетті практикалық дағдыларды меңгерту мақсатында медициналық білім беру саласында тиісті даярлығы бар кафедралардың (бөлімдердің) оқытушы-профессорлық құрамының немесе, бірінші немесе жоғары дәрігерлік біліктілік категорияларға ие тәжірибелік денсаулық сақтау саласының қызметкерлерінің қатарынан тағайындалып, бекітілген тұлға.

Комплаенс-офицер - тікелей Директорлар кеңесіне бағына отырып, саясаттар мен ережелердің сақталуына талдау жасайды, сыбайлас жемқорлық тәуекелділіктерін анықтайды, олардың ұйымның операциялық қызметіне және қаржылық жай-күйіне әсер ету ықтималдығын төмендетеді.

Конкурстық комиссия – ЖЖБҚБҰ-да арнаулы шәкіртақылық бағдарламалар бойынша оқуға үміткерлерді іріктеу мақсатында күзіретті орган тарапынан құрылатын комиссия.

Көшіру балы GPA (GradePointAverage) – жыл сайын әр оқу жылына белгіленетін келесі оқу курсына өту үшін қажет оқу жетістіктерінің орташа баға деңгейі.

Кредит (Credit) – білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғайланған бірлігі.

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде академиялық кредиттерді жинақтай отырып оқыту.

Куратор – білім алушыларға бекітілген, академиялық жетекші қызметін қамтамасыз ететін, жеке оқу жоспарын қалыптастыру мен жүзеге асыруға қатысатын, білім алушының білім алу және ғылыми қызметіне жетекшілік жасайтын (резидентурада) тұлға. Куратор кафедралардың (бөлімдердің) оқытушы-профессорлық құрамынан немесе бірінші және жоғары біліктілік санаты бар тәжірибелік денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

Қашықтықтан білім беру технологиялары - білім алушылар мен профессорлық- оқытушылық құрамның ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді қолдану жолымен қашықтықтан (аудиториядағы тікелей қарым-қатынассыз) қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылатын оқыту технологиялары.

Қос дипломды білім – бірдей дәрежелі немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында екі бірдей білім беру бағдарламасымен және оқу жоспарымен білім алудың мүмкіндігі.

Құзыреттіліктер – білім алу барысында меңгерілген білімдерді, машықтарды және дағдыларды практикалық кәсіби қызметте пайдалана білу қабілеті.

Магистр - магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.

Магистрант - магистратурада оқитын тұлға.

Магистратура - тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.

Магистрлік диссертация - ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы.


Магистрлік жоба - таңдаған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы.

Мамандық – белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті мақсатты даярлық пен жұмыс тәжірибесі, білім, дағдылар мен машықтар арқылы алынған, білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кешен.

Мамандықтың академиялық комитеті – Университеттің барлық деңгейлердегі күзіретті-бағдарлы оқытуға негізделген медициналық білім беру моделінің принциптерін жүйелі ендіруді жүзеге асыратын кеңесуші әдістемелік органы.

Мамандықтың (пәннің) оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) – мамандықты (пәнді) табысты игеруге ықпал ететін негізгі оқу-әдістемелік құжаттар пакеті.

Межелік бақылау – білім алушылардың бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейінгі оқу жетістіктерін бақылау.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 9-беті

Модуль – білім алушылардың алған білімдері, біліктері, дағдылары, құзыреттілігі және бағалаудың тиісті критерийлері бар білім беру бағдарламасының дербес, оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған құрылымдық элементі.

Модульдік білім беру бағдарламасы - білім алушылардың қандай да бір академиялық дәреже және/немесе біліктілік алуы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді меңгеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы.

Модульдік оқыту – оқу үдерісін білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік тұрғыда құру негізінде ұйымдастыру тәсілі.

Міндетті компонент (МК) – МЖМБС сәйкес белгіленген, білім алушылар білім беру бағдарламасы бойынша міндетті түрде оқитын академиялық кредиттердің ең төменгі кредиттеріне сәйкес келетін оқу пәндерінің тізбесі.

Негізгі білім беру бағдарламасы – білім алушылардың негізгі өзекті құзыреттіліктерін оқып-үйрену мақсатында анықталған білім беру бағдарламасы.

Оқу бағдарламасы – әр оқу пәні бойынша игерілуі тиіс білім, дағдылар мен машықтар мазмұны мен көлемін анықтайтын бағдарлама.

Оқу практикасы және оқу-өндірістік практика – төменгі курстардың білім алушыларында мамандық бойынша дағдылар мен алғашқы практикалық тәжірибенің қалыптасуына бағытталған арнайы ұйымдастырылған қызмет және оқу үдерісінің құрамдас бөлігі.

Оқу жетістіктерін балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі – білім алушылардың рейтингісін бағалауға мүмкіндік беретін халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасымен әріптік жүйеге сәйкес келетін білім деңгейін балмен бағалау жүйесі.

Оқу жоспары – білім беру бағдарламасында қарастырылған оқу курстарының, пәндердің (модульдердің), практикалардың оқыту жылдары бойынша пәндер тізбесін, реттілігі мен бөлінуін, оларды игеруге уақыт шығынын (еңбек сыйымдылығын), сондай-ақ білім алушылардың оқу және өзіндік жұмыстарының, межелік және қорытынды аттестаттаудың түрлерін анықтайтын құжат.

Оқу пәні – нақты ғылымның және/немесе қызметтің мазмұнын көрсететін және білім беру бағдарламасының аясында игерілетін білім мен дағдылар жүйесі.

Оқу пәніне жазылу (Enrollment) – білім алушылардың таңдау пәндеріне белгіленген тәртіппен алдын ала жазылу рәсімі.

Оқытудың нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеруі барысында қалыптастырылып, көрсетілетін, бағалармен бекітілген білімдердің, шеберліктердің, дағдылардың көлемі және қалыптастырылған құндылықтар мен қатынастары.

Оқытушы басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОББӨЖ) - бекітілген кесте бойынша оқытушы басшылығымен жүргізілетін білім алушының жұмысы. Білім алушының санатына қарай ол: оқытушы басшылығымен жүргізілетін резиденттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБРӨЖ), оқытушы басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБМӨЖ) және оқытушы басшылығымен жүргізілетін докторанттардың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБДӨЖ) болып бөлінеді.


Өндірістік практика – оқу үдерісінің жоғары курс білім алушыларының мамандық бойынша кәсіптік қызметтің барлық түрін кешенді меңгеруіне, жалпы және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына, бұрын меңгерген практикалық дағдыларын бекітуге және жаңа практикалық дағдыларды игеруге, сондай-ақ таңдаған мамандық бойынша практикалық жұмыс тәжірибесін алуға бағытталған құрамды бөлігі, арнайы ұйымдастырылған қызмет.

Пәнді қайта оқу – қорытынды баға «қанағаттанарлықсыз» («F») болған жағдайда пәнді қайта оқу.

Постреквизиттер - аталған пәнді және (немесе) модульді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, машықтар мен дағдыларды қажет ететін пәндер және (немесе) модульдер.

Пререквизиттер - оқылатын пәнді және (немесе) модульді игеру үшін қажетті білім, машықтар мен дағдыларды қамтитын пәндер және (немесе) модульдер.

Прокторинг – жеке тұлғалық айғақтау және онлайн-емтихандарды өту нәтижелерін растау жүйесі.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 10-беті</p>

Резидентура – клиникалық мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу формасы.

Силлабус (Syllabus) – пәннің студентке арналған оқу бағдарламасы, пәнді оқу басталар алдында беріледі және оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен әр сабақтың ұзақтығын, пәннің саясатын, бағалау критерийлері мен тәртібін, межелік бақылау кестесі мен ұсынылатын әдебиеттер тізімі беріледі.

Аралас оқыту (blended learning) – дәстүрлі оқытудың жиынтығы және қашықтықтан оқыту.

Таңдау компоненті (Electives) – ЖЖБҚБҰ тарапынан кез-келген академиялық кезеңде студенттердің таңдауына ұсынылатын, пререквизиттері мен постреквизиттері ескерілген, академиялық кредиттердің минималды көлеміне сәйкес келетін оқу пәндерінің тізбесі.

Тәлімгер (ментор) – клиникалық база жағдайларында теория мен практиканы бекітуге жағдай жасайтын білікті медициналық қызметкер.

Тәлімгерлік – тәжірибелі қызметкердің белгілі бір уақыт аралығында өзінің білімімен, шеберліктерімен және дағдыларымен бөлісетін оқыту тәсілдерінің бірі.

Типтік оқу бағдарламасы – білім беру бағдарламасының міндетті компоненті пәнінің мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиеттерін анықтайтын оқу құжаты.

Транскрипт (Transcript)- білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің және/немесе модульдердің тізбесі қамтылған бекітілген формадағы құжат.

Тіркеу офісі - білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысып, оның академиялық рейтингісін есептейтін және білімін бақылаудың барлық түрлерінің ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

Ұлттық біліктілік шеңбері - еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғарғы оқу орнына және (немесе) ЖОО-дан кейінгі білім беру ұйымына түсу үшін іріктеу емтихандарының бір формасы.

Үлгерімнің орташа балы (GradePointAverage - GPA) – білім алушының таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі оқу жетістіктері деңгейінің орташа бағасы (берілген оқу кезеңіндегі осы жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды баға балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттер сомасының қатынасы).


Философия докторы (PhD) – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

Цифрлық контент – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиалар және өзге де маңызды толықтырулар) толықтыру.

Эдвайзер (Advisor) – түлектер шығарушы кафедраның оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының жасалуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.


Элективтік пәндер - белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖОО компонентіне және таңдау компонентіне енетін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін және қалыптасқан ғылыми мектептің қажеттіліктерін есепке алатын оқу пәндері.

Элективті пәндер каталогі (ЭПК) – таңдау компоненті бойынша барлық пәндердің оқу мақсаты, қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдерінің), күтілетін оқу нәтижелері (білім алушы игеретін білімдер, дағдылар, құзыреттіліктері) көрсетілетін қысқаша сипаттамалардан тұратын жүйеленген аннотацияланған тізім.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 11-беті

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

GPA	Орташа үлгерім балы (GradePointAverage)
ECTS	Еуропалық аударым және балл жинақтау жүйесі
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
АЖД	Академиялық жұмыс департаменті
АК	Академиялық кеңес
Аком	Академиялық комитет
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ББ	Білім беру бағдарламасы
БҒМ	Білім және ғылым министрлігі
БҚМУ ПРО	Университет процедурасы
БӨЖ	Білім алушылардың өзіндік жұмысы
БӨҚ	Бақылау-өлшеу құралдары
БСШ	Біліктіліктердің салалық шеңбері
ДКК	Дәрігерлік-кеңес беру комиссиясы
ДСМ	Денсаулық сақтау министрлігі
ЖекеОЖ	Жеке оқу жоспары
ЖЖБҚБҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ЖОЖ	Жұмыс оқу жоспары
ЖР	Жіберу рейтингі
ЕПМ	Емдеу-профилактикалық мекеме
ҚМА	Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
ҚО	Қашықтықтан оқыту
ҚО технологиялары	Қашықтықтан оқыту технологиялары
ҚР ДСМ ҒАРД	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ғылым және адами ресурстар департаменті
МАК	Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
МБ	Межелік бақылау
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
МЕ	Мемлекеттік емтихан
МЕК	Мемлекеттік емтихан комиссиясы
ОБӨЖ	Оқытушы басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысы
ОДКК	Орталықтандырылған дәрігерлік-кеңес беру комиссиясы
ОӨП	Оқу-өндірістік практика
ОҚКЕ	Объективті құрылымдық клиникалық емтихан
ОҚПЕ	Объективті құрылымдық практикалық емтихан
ОП	Оқу практикасы

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 12-беті

ОТЖ	Оқу-тәрбие жұмыстары
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрам
ПС	Практикалық сабақ
РББ	Резидентураның білім беру бағдарламалары
ТДО	Тәжірибелік дағдылар орталығы
ТОЖ	Типтік оқу жоспары
ҰТЕО	Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы
ҰБШ	Ұлттық біліктілік шеңбері
ЭПК	Элективті пәндер каталогі
PhD	Философия докторы дәрежесі
IELTS	Ағылшын тілін білуді бағалаудың халықаралық жүйесі

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ


Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат университет қызметінің барлық деңгейлеріндегі сапа мәдениетін тұрақты жетілдіруге және қолдауға бағытталған процедуралар жүйесін көрсетеді.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты мына мақсаттарға ие:

- білім беру сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жалпы құрылымын анықтау;
- білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету;
- өзара сенімді қолдау және білім алушылардың оқу нәтижелері мен ұтқырлығын тануға ықпал ету;
- білім беру бағдарламаларына, білім алушылардың білім деңгейіне және оқытушылардың құзыреттілігіне мониторинг және бағалау жүргізу, оны арттыру және сәйкессіздіктерді жою үшін қажетті түзету шараларын енгізу;
- сыртқы мүдделі тараптарға сапаны қамтамасыз ету бойынша ақпарат беру;
- ESG стандарттарына сәйкес оқу және оқыту сапасын, соның ішінде білім беру ортасын және ғылыми зерттеулермен өзекті байланысты қамтамасыз етеді.

СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ


Университет білім беру бағдарламаларына студентке бағытталған оқыту үдерістерін енгізеді: оқытудың бейімделген траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; білім алушылардың оқу үдерісіне тартылуының мотивацияларын арттыру үшін жағдайлар жасайды; оқыту нәтижелерінің реттілігін және бағалануының объективтілігін, басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысуын қамтамасыз етеді.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 13-беті</p>


1-тарау. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ

1. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ


- 1.1. Білім беру бағдарламаларының тізбесі мен мазмұны біліктіліктердің ұлттық шеңберінің (ҰБШ), кәсіби стандарттар мен білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелері негізінде әзірленеді.
- 1.2. Білім беру бағдарламаларының мазмұны мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖМБС) сәйкес анықталып, жұмыс оқу жоспарлары арқылы жүзеге асырылады.
- 1.3. Жұмыс оқу жоспарлары МЖМБС-қа сай әзірленіп, сағаттар/кредиттер саны көрсетілген міндетті компоненттің және таңдау компоненттерінің мазмұнын қамтиды. Жұмыс оқу жоспарларында міндетті компонент пен таңдау компонентінің әрбір пәнінің тізбесі және кредиттермен есептелген көлемі, оларды оқып-үйренудің тәртібі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау формалары қамтылған.
- 1.4. Жұмыс оқу жоспарларын мамандықтардың Академиялық комитеттері әзірлейді және бекітеді.
- 1.5. Білім беру бағдарламалары мыналарды қамтиды:
 - 1) сәйкес мамандықтар бойынша жалпы білім беру, базалық және бейінді пәндердің міндетті компоненті мен таңдау компонентінің циклдарын қамтитын теориялық оқытуды, сондай-ақ кәсіптік практиканың барлық түрлерін;
 - 2) аралық және қорытынды аттестаттауды.
- 1.6. Міндетті компоненттің Силлабустары ББ оқыту нәтижелері негізінде ҚР МЖМБС-қа сәйкес әзірленіп, кредиттердің саны көрсетілген міндетті компоненттің мазмұнын, оқу пәнінің тақырыптарын, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау формаларын қамтиды.
- 1.7. ЖОО компонентінің Силлабустарын кафедралар өз бетінше әзірлейді, кредиттер саны көрсетілген мазмұнды, оқу пәнінің тақырыптарын, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау формаларын қамтиды.
- 1.8. Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген және аннотацияланған тізбесінен тұратын элективті пәндер каталогі (ЭПК) әзірленеді.
- 1.9. Академиялық топтың толымдылығы - шағын топтарды қоспағанда, 12 адам. Интернатура тобының толымдылығы 12 адамға дейін. Интернатурада топтарды қайта құру, дәлелді себептерді қоспағанда, көшпелі интернатурадан өту үшін тек 7-курста жүргізіледі (топтарды қайта құру барысында интернатуралардың туыстық байланыстарының болуы көзделеді).
- 1.10. Академиялық лектің қалыптасуын жоғары оқу орны дербес анықтайды. Университетте адам саны 100-ден аспайтын академиялық лектер құрылады.
- 1.11. ББ Академиялық комитеттері эдвайзерлердің және жұмыс берушілердің қатынасуымен білім алушылардың білім алу траекториясын қалыптастырады, оның негізінде кафедралар элективті пәндерді әзірлейді. Элективті пәндер каталогін Тіркеу офисі құрастырып, ол Ғылыми кеңесте бекітіледі.
- 1.12. Кредиттік технология бойынша барлық ББ үшін оқытудың теориялық курсы 15 аптадан кем болмауы тиіс. Бір академиялық кезең мен оқу жылының ұзақтығы академиялық күнтізбемен реттеледі.
- 1.13. Университет оқу сабақтарының басталу уақыты мен сабақ кестесін дербес анықтайды.
- 1.14. Университеттің білім алушылар контингенті мына критерийлермен анықталады:
 - оқу жағдайларына байланысты: мемлекеттік білім беру гранттары және ақылы негізде;
- 1.15. Оқыту тіліне: мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдеріне байланысты.
- 1.16. Білім алушыларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.
- 1.17. Оқыту сабақтарын ұйымдастыру мен жүргізу мамандықтардың бейініне, тілдік бөлімдеріне қарай білім алушылар санына байланысты құрылған академиялық топтар (практикалық сабақтар, ОБӨЖ) мен лектер (дәрістер) бөлінісі бойынша жүргізіледі.
- 1.18. Әртүрлі тілде оқытылатын білім алушыларды бір академиялық лекке (топқа) біріктіруге жол берілмейді.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 14-беті


- 1.19. Оқытудың барлық формалары бойынша білім алушылар бекітілген сабақ кестесіне сай оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатынасуы, үй тапсырмаларын, бақылау іс-шараларын толық деңгейде орындауға міндетті.
- 1.20. Қабылданатын дәрігер-резиденттердің саны ҚР ДСМ мемлекеттік тапсырысымен, ЖАО гранттарымен және медицина кадрларын даярлауға арналған келісімшарттармен және Университеттің материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік мүмкіндіктерімен реттеледі.
- 1.21. Университет пен білім алушылардың, олардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастар заңнамаларға, Академиялық саясатқа және білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарт негізінде реттеледі.
- 1.22. Факультет университеттің білім алушылармен тікелей жұмыс жүргізетін негізгі әкімшілік, оқу және ғылыми құрылымы болып табылады. Факультеттің жұмысын басқару оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарына жалпы басшылық жүргізетін, ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастыратын деканға жүктеледі.
- 1.23. Аудиториялық оқу сабақтарының түрлері: дәрістер, практикалық сабақтар. Аудиториядан тыс сабақтардың түрлері: оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өзіндік жұмыстары, білім алушылардың өзіндік жұмыстары, кәсіптік практиканың барлық түрлері.
- 1.24. Кафедра оқыту әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру мен жүргізу тәсілдерін және формаларын білім беру бағдарламалары мен силлабустардың негізінде өз бетінше анықтай алады.
- 1.25. Лекторлар құрамы Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Дәріс оқуға бейіні бойынша ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесі және (немесе) бейіні бойынша доктор және (немесе) «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» (болған жағдайда) ғылыми дәрежелеріне ие тұлғаларға рұқсат етіледі.
- 1.26. Оқу жылы бірінші қыркүйекте басталып, академиялық күнтізбеге сай аяқталады. Алыс шет елдерден келген 1 курс білім алушылары оқу жылын Ғылыми кеңестің шешіміне сәйкес бастайды.
- 1.27. Бір академиялық кезең (семестр) кемінде 15 аптаны қамтиды, бұл ретте апталық жүктеме 57 сағаттан аспайды. Бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең.
- 1.28. Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.
- 1.29. Пәнді бірнеше академиялық кезең ішінде игеруге болады. Егер пән бірнеше академиялық кезеңдер бойы оқылса, онда аралық бақылау пәннің осы академиялық кезеңде оқылған бөлігі бойынша немесе пәнді оқу аяқталғаннан кейін жүргізілуі мүмкін.
- 1.30. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстары көшірілген материалдың болуына және мағынасы өзгермеген (парафраз) сөздердің және ұғымдардың синонимдері ауысқан мәтіннің қолданылуына, оның ішінде өзге тілден аударылған мәтіндерге де қатысты тексеруден өтеді.
- 1.31. Көшірудің болуына тексеру жүргізудің ережелері мен тәртібін университет анықтайды.
- 1.32. Жүзеге асырылуын университет қамтамасыз ететін академиялық адалдық оқыту үдерісінің негізі болып табылады. Академиялық адалдықтың негізгі қағидалары:
 - 1) академиялық жұмыстарда адалдық пен өзара сыйластықты қалыптастыратын негізгі институционалдық құндылық ретінде академиялық адалдықты қалыптастыру;
 - 2) жоғары этикалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған академиялық адалдықтың әділетті және объективті ережелерін орнықтыру;
 - 3) білім алушының кредиттерін өзге оқу орындарының верификацияланатын транскриптілерінің негізінде қайта есептеудің айқын механизмі мен процедурасын анықтау жолымен білім алушыны оқытудың реттілігін және үздіксіз траекториясын қамтамасыз ету;
 - 4) оқытушының өз білім алушыларының академиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайтын тәлімгер ретінде құрмет көрсете білуі;
 - 5) білім беру үдерісінің қатынасушыларын академиялық адалдықты дамытқандығы және қорғағандықтары үшін мадақтау мен қолдау;
 - 6) оқытушының білім алушыдан күтетін талаптарын, пәннің нақты саясатын анықтай білуі;

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 15-беті

- 7) оқытушының білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың айқын параметрлерін анықтай алуы;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін тиісті шаралар қолдану;
- 9) білім алушыларға білім беретін, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық бейадалдықтың көріністеріне жол бермейтін академиялық ортаны қалыптастыру.
- 1.31. Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын дамыту мақсатында, сыбайлас жемқорлық фактілері немесе негізделген болжамдарды хабарлаған қызметкерлерді жоғарғы басшылық (басқару органдары), сондай-ақ, студенттерді ПОҚ тарапынан қысым мен репрессиялық іс-әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету қарастырылған.
- 2. «АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША МҮДДЕЛЕР КИКІЛЖІНДЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ**
- 2.1. «Академиялық қызмет» бағытында мүдделер кикілжіңдерінің болуына қатысты мониторинг қызметкердің университет комиссияларының (емтихандық) мүшесі болып тағайындалғанына дейін жүргізіледі.
- 2.2. Уәкілетті тұлға (комплаенс-офицер) кандидатты комиссия мүшесі ретінде тағайындау кезінде ұсынылған материалдарды, ғылыми және білім беру деректер базасын, ашық интернет-ресурстарды, университет қызметкерлерінің жеке істерін, мүдделер декларациясын, сауалнама нәтижелерін және объективті емес шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін факторлардың (үлестес, екіжүзділік) болуы/болмауы тұрғысынан өзге де ақпаратты зерделейді, қажет болған жағдайда мүдделі тұлғамен ауызша сауалнама жүргізеді, құрамын бекіту туралы шешім жобасымен келісім жасайды не мүдделер қақтығысы болған жағдайда қорытынды жасайды.
- 3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ**
- 3.1 Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру бақылау мен аттестаттаудың түрлі формалары арқылы жүргізіледі:
- оқу үлгерімін ағымдық бақылау;
 - үлгерімді межелік бақылау;
 - аралық аттестаттау;
 - жылдық аттестаттау;
 - қорытынды мемлекеттік аттестаттау (ҚМА), оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан;
 - Тәуелсіз емтихан алудың ұлттық орталығы (ТЕҰО) өткізетін білім алушылардан тәуелсіз емтихан.
- 3.2 Университет білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, сабаққа қатысуы туралы деректерді ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізеді.
- 3.3 Білім алушылардың оқудағы жетістіктері бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік-әріптік жүйесімен бағаланады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың бақылау-өлшеу құралдары (БӨЖ) кафедраларда әзірленеді.
- 3.4 Білім алушылардың оқу сабақтарына қатынасуы мен үлгерімдерін есепке алу «Платонус» ААЖ «Журнал» модулінің көмегімен жүргізіледі. Бұл ретте білім алушылардың үлгерімін есепке алу бақылаудың барлық түрлері: үлгерімнің ағымдық, межелік бақылауы, аралық және қорытынды аттестаттау түрлері бойынша жүргізіледі.
- 3.5 Журналдағы бағаны түзету кезінде кафедра меңгерушісі негіздеме және растайтын құжаттармен бірге оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың атына Платонус ААЖ-ге өтініш жіберуі керек. Өтініш мақұлданған жағдайда, оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор өтінішті Платонус ААЖ жүйесінің әкімшісіне жолдайды.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 16-беті


- 3.6 Аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін деканат білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелері бойынша есеп құрастырады.
- 3.7 Аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша және жазғы семестр нәтижелерін ескере отырып, ағымдағы жыл бойынша курстан курсқа көшіру үшін GPA көшіру балы есептеледі. 1 курс білім алушылары курстан курсқа көшкен кезде аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін өткізілетін кешенді тестілеу нәтижелері бойынша шекті балл жинауы қажет. Кешенді тестілеудің шекті деңгейінен төмен балл алған жағдайда білім алушы оқудан шығарылуады.
- 3.8 Мемлекеттік білім гранты бойынша білім алушыларға шәкіртақы тағайындау заңнамалық тәртіппен реттеледі.
- 3.9 Шәкіртақы тағайындау мен курстан курсқа көшіру Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделеді.
- Ағымдық және межелік бақылау**
- 3.10 Ағымдық бақылау аудиториялық сабақтарда жүргізіледі.
- 3.11 Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылаудың нысаны мен тәртібін кафедра өзі анықтайды: ауызша, жазбаша, кіріктірілген, орындалған тапсырмалар презентациясы, тесттер және т.б.
- 3.12 Барлық оқу сабақтарына қатысу міндетті. Дәрістерге қатыспаған жағдайда «ж» қойылады, оның әсерінен нөл балл шығу жалпы рейтингке әсер етеді.
- 3.13 Дәлелсіз себептермен жіберілген сабақтар өтелмейді.
- 3.14 Білім алушы 3 сабақтан көп сабақ жіберген жағдайда, сабақ беретін оқытушы кафедра жетекшісінің Документолог ААЖ арқылы деканатты хабардар етуі және тиісті шара қолдануы үшін қызметтік жазба жолдауы үшін ақпарат беруге міндетті.
- 3.15 Дәлелді себептермен қатыспаған, алайда тиісті құжаттармен (ауруы бойынша және т.б.) расталған сабақтар деканаттың рұқсатымен жеке кесте бойынша қатыспаған сағаттарының саны көрсетіле отырып өтеледі. Егер білім алушы іссапарға кеткен, спорттық жарыстарға және мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысқан жағдайда, деканаттың берген тиісті өкімінде қатыспаған пәндер бойынша сабақ өтелмей, ағымдық үлгерімнің орташа балының сақталуы көрсетілсе, онда қатыспаған сабақтар өтелмейді.
- Растайтын құжаттар:
- студенттік дәрігер куәландырған медициналық анықтамалар;
 - құжатпен расталған форс-мажорлық жағдайлар;
 - деканаттың өкімі.
- Растайтын құжаттар деканатқа және кафедраға сабаққа келген сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде тапсырылуы тиіс, әйтпесе дәлелді себеп болып танылмайды.
- 3.16 Жіберген сабақты өтеуден қанағаттанарлықсыз баға (0-49 балл) алған жағдайда, қайта тапсырылмайды.
- 3.17 Білім алушы дәлелсіз себептермен (36 сағатқа дейін) сабаққа қатыспаған жағдайда, оған деканат тарапынан тәрбиелік сипаттағы шаралар қолданылады.
- 3.18 Ағымдағы үлгерім бойынша қарыздың жойылуын бақылауды осы топта сабақ жүргізетін пән оқытушысы жүзеге асырады.
- 3.19 Қарызды жою нәтижелері кафедра отырыстарында ай сайын баяндалады. Әр айдың соңында кафедра деканаттарға жіберілген сабақтар мен өтелмеген сабақтар туралы жиынтық мәліметтер береді.
- 3.20 Қатыспаған сабақты өтеу кезекті межелік бақылауды тапсырғанға дейін жүзеге асырылуы тиіс.
- 3.21 Дәлелсіз себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда электрондық журналға "0" қойылады, ол ҚБ шығару кезінде ескеріледі.
- 3.22 Межелік бақылауды (МБ) жүргізудің саны мен формасын пәнді оқыту нәтижелеріне байланысты кафедра дербес айқындайды және силлабуста көрсетіледі.
- 3.23 Межелік бақылау мереке күндеріне келген жағдайда, оның өткізілуі академиялық күнтізбеге сәйкес, адыңғы аптаға белгіленеді.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 17-беті</p>


- 3.24 Екі кезеңдік межелік бақылау кезінде МБ қорытынды бағасы теориялық білім мен практикалық дағдылар ескеріле отырып қойылады.
- 3.25 Тиісті құжаттармен расталған дәлелді себеп болса, деканаттың рұқсатымен ғана межелік бақылауды қайта тапсыруға рұқсат беріледі.
- 3.26 Межелік бақылауды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
- 3.27 Білім алушылардың үлгерімін межелік бақылауды ұйымдастыруға және объективтілігіне ПОҚ және кафедра жетекшілері тікелей жауапты болады.
- 3.28 «Платонус» ААЖ электронды журналына ағымдық бақылау үшін күн сайын бір баға қойылады және ол өзгертілмейді.
- 3.29 Білім алушылардың оқытушы басшылығымен өзіндік жұмысы практикалық сабақтарда, межелік және аралық бақылаулар барысында бағаланады.
- 3.30 Білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) межелік және аралық бақылауларда бағаланады.
- 3.31 Кафедра жетекшісі мен оқытушы жүргізілетін сабақтардың электронды журналының дер кезінде толықтырылуы үшін жауапты.
- 3.32 Межелік бақылау тапсыру кезінде білім алушылар академиялық адалдықты бұзған жағдайда (шпаргалкаларды, микроқұлақпаптарды, ұялы телефондарды және т.б. пайдалану) білім алушыны аудиториядан шығару актісі жасалады және межелік бақылау нәтижесі жойылып, 0 балл қойылады.

Аралық бақылау

- 3.33 Университетте білім алушыларды аралық бақылау жұмыс оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.
- 3.34 Пән бойынша аралық бақылау нысанын (ауызша әңгімелесу, жазбаша емтихан, тестілеу, практикалық дағдыларды қабылдау және т.б.) Академкомитет анықтайды, факультет деканы бекітеді және пәннің силлабусында көрсетіледі. Кафедра академиялық кезең басталғаннан бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей, деканатқа емтихан тапсыру нысанын ұсынуы тиіс.
- 3.35 Білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды Тіркеуші офисі ұйымдастырады.
- 3.36 Емтихан сессиясының кестесін ОТЖ жөніндегі проректор бекітеді және ол білім алушылар мен оқытушылар назарына емтихан сессиясының басталуынан екі апта бұрын ұсынылады.
- 3.37 Университетте пән бойынша аралық бақылауды тапсыруға рұқсат балдық-рейтингтік бағалау шкаласына сәйкес 50%-дан төмен емес деңгейде белгіленген. Өз қаражаты есебінен ақылы негізде оқитын интерндер оқу ақысы бойынша салыстырып тексеруден өтуі тиіс. Төлем бойынша қарызы болған жағдайда интерн сессияға жіберілмейді және келісімшарт талаптарын орындамаған ретінде ЖОО-дан шығарылады.
- 3.38 Пәндер бойынша 14 және одан да көп кредит көлемінде академиялық қарызы бар білім алушы (дәлелсіз себептер, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жіберілмеу) академиялық үлгермеушілігі үшін оқудан шығарылады.
- 3.39 Емтихан және апелляциялық комиссиялар төрағалары және құрамын емтихан сессиясынан бір ай бұрын Басқарма төрағасы-Ректорв бұйрығымен бекітеді. Емтихан комиссиясының құрамына пәндер бойынша ПОҚ кіреді. Апелляциялық комиссия құрамына пәндер бойынша емтихан қабылдамайтын ПОҚ кіреді.
- 3.40 Емтихан комиссиясы мен апелляциялық комиссияның құрамы Емтихан және апелляциялық комиссия туралы ережеге сәйкес бекітіледі.
- 3.41 Аралық аттестаттауға арналған сұрақтар/практикалық дағдылар тізбесі пән силлабусына енгізілген.
- 3.42 Емтихан қабылдаушылар мен кафедра жетекшісі емтихан ведомостарының толтырылуы, БӨҚ мазмұны және олардың университеттің электрондық базасына жүктелуіне жеке жауапкершілікте болады.
- 3.43 Пән бойынша екі кезеңдік емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға (F, Fx) алған білім алушылар емтиханның екінші кезеңін тапсыруға жіберілмейді.


	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 18-беті</p>

- 3.44 Біріктірілген және кешенді емтихан (модуль) кезінде аралық аттестаттаудың (емтиханның) бірінші кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға (Fх) алған жағдайда білім алушылар емтиханның екінші кезеңін тапсыруға жіберіледі.
- 3.45 Екі кезенді емтихан кезіндегі әрбір кезеңнің үлесі: практикалық дағдылар - 50%, теория – 50% құрайды. Емтиханның екі кезеңі де балдық-рейтингтік бағалау жүйесінің 50%-ынан төмен емес бағаға тапсырылуы тиіс.
- 3.46 Емтихан тапсыру кезінде білім алушылар академиялық адалдықты бұзған жағдайда (шпаргалкаларды, микроқұлақпаптарды, ұялы телефондарды және т.б. пайдалану) білім алушыны аудиториядан шығару туралы Акт жасалады және нәтижесі жойылып, 0 балл қойылады. Емтихан тапсырушының орнына басқа білім алушы тапсырған жағдайда, екі білім алушының да емтихан бағалары жойылады.
- 3.47 Ведомость ААЖ «Платонус» электронды журналында жасалып, өткізілген аралық бақылаудан кейінгі келесі жұмыс күнінен қалдырылмай, Тіркеу офисінде басылып шығарылады. Білім алушылардың транскриптіне қорытынды баға (ҚБ) қойылады, ол жіберу рейтингі (60%) мен аралық бақылаудың (40%) бағасын қамтиды.
- 3.48 Аралық бақылау нәтижелері бойынша Тіркеу офисі студенттердің академиялық рейтингін құрастырады.
- 3.49 Ведомостың бір данасы Тіркеу офисінде басылып шығарылғаннан кейін, тіркеледі және мөрмен бекітіледі.
- 3.50 Аралық бақылаудан алынған оң нәтижелі баға сәйкес келетін пән бойынша белгіленген кредиттерді игергендігін есептеу үшін негіз болады және ол білім алушының транскриптіне жазылады.
- 3.51 Жазғы семестрге қалған 1 курс білім алушылары оқу аяқталғаннан кейін кешенді тестілеу тапсырады.
- 3.52 Аралық бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы факультет деканатына емтихан өткізілген және нәтижелері жарияланған күннің ертеңгі жұмыс күнінде, сағат 13.00-ге дейін апелляцияға өтініш бере алады.
- 3.53 Апелляция емтихан өткізілген және жарияланған күннің ертеңгі жұмыс күнінде сағат 14.00-ден 17.00 аралығында өткізіледі. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделіп, оның негізінде емтихан ведомосы жасалады.
- 3.54 Барлық пәндер мен практикалар бойынша оң бағаны (50%-дан жоғары) арттыру мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.
- 3.55 Егер білім алушы пәннің бағдарламасын толық орындап, бірақ емтиханға келмесе, емтихан ведомосына «келген жоқ» (н) деген белгі қойылады. Оның себебі дәлелді болса, факультет деканының өкімімен осы білім алушыға емтиханды жеке кестемен тапсыруға рұқсат беріледі. Дәлелді себептер болмаса, емтихаға келмеу «қанағаттанарлықсыз» деген бағамен теңестіріледі.
- 3.56 Егер білім алушы аралық бақылаудан (емтиханнан) «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса, пән бойынша қорытынды баға есептелмейді және ол бойынша кредиттер саналмайды.
- 3.57 Емтиханды қайта тапсырып, оң нәтижелі баға алған жағдайда, қорытынды баға қайта есептеледі, ол емтихан ведомосына және транскриптке енгізіледі. Үлгерімнің орташа балын есептеуде оқу пәні бойынша соңғы бағалар есептеледі.
- 3.58 Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен оқу жылының қорытындысы бойынша (аралық бақылау) жазғы семестрдің нәтижелері және 1 курс үшін Ғылыми кеңестің шешімімен белгіленген кешенді тестілеудің шекті балы ескеріле отырып жүзеге асырылады.
- 3.59 Егер білім алушы емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алса, онда ол пәнді ақылы негізде алдағы академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде, егер басқаша қарастырылмаса (Басқарма шешімі, Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығы және т.б.), қайталап оқиды.
- 3.60 Транскриптке білім алушының барлық қорытынды бағалары, оның ішінде емтиханды қайталап тапсырудан алған оң бағалары да жазылады.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 19-беті</p>

- 3.61 Аралық бақылаулардың ведомостарының «Платонус» ААЖ-да жабылу мерзімі – емтиханнан кейінгі келесі күн.
- 3.62 «Платонус» ААЖ ведомосына баға 1 рет қана қойылады және ол тек FX-ті қайта тапсырудан, апелляциялық комиссияның шешімінен, жазғы семестрдің нәтижелерінен басқа жағдайларда өзгертуге жатпайды.
- 3.63 «FX –қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда аралық бақылауды оқу пәнінің (модульдің) бағдарламасын қайталап оқымай, университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес бір семестрде екі пән бойынша бір мәрте ақысыз негізде қайталап тапсыруға рұқсат етіледі.
- 3.64 Емтихан нәтижелері бойынша алынған «FX – қанағаттанарлықсыз» баға деканаттың рұқсатымен қайта тапсырылады, емтиханды қайта тапсыруды тестілеу бөлімі белгілейді. Интернатурада «FX – қанағаттанарлықсыз» бағасы 5 жұмыс күні ішінде қайта тапсырылады.
- 3.65 «FX» бағасына сай келетін «қанағаттанарлықсыз» бағаны қайта алған жағдайда, білім алушы пәнге/модульге қайта жазылып, бағдарламаға сәйкес барлық сабақтарға қатысады, барлық тапсырмаларды орындайды, қорытынды бақылауды тапсырады. Оқу пәніне/модульге қайта жазылу тек ақылы негізде каникул мерзімінде кезекті академиялық кезең басталғанға дейін ғана жүзеге асырылады.
- 3.66 Соңғы аралық аттестаттауда қайтадан «қанағаттанарлықсыз» («F», «FX» бағасы) баға алған жағдайда, бітіруші курстың білім алушысы оқудан шығарылады.
- 3.67 «F» бағасына сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне (модульге) қайта жазылады, оқу сабақтарына қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. Оқу пәніне/модульге қайта жазылу демалыс кезеңінде кезекті академиялық кезең басталғанға дейін ақылы негізде ғана жүзеге асырылады. Ақылы негізде қайта оқудан кейін тағы да «қанағаттанарлықсыз» («F», «FX» бағасы) баға алған жағдайда, білім алушы академиялық үлгермеушілігі үшін оқудан шығарылады.
- 3.68 Тиісті GPA деңгейіне жеткен, бірақ академиялық бережағы бар, келесі курсқа көшірілген мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алушы оны ақылы негізде келесі академиялық кезең ішінде немесе жазғы семестрде жояды да, өзінің мемлекеттік білім беру грантын сақтап қалады.
- 3.69 Тиісті көшіру балын алған (GPA), келісімшарттық негізде оқитын білім алушы келесі курсқа академиялық бережақпен көшірілсе, бұрынғы жасалған келісімшарт негізінде оқу жылының ақысын төлейді, сонан кейін барып академиялық қарызын қосымша төлемақы негізінде жоя алады.
- 3.70 Деканат қарыздардың туындау себептерін анықтау мақсатында емтихан ведомостарына талдау жүргізіп отырады.
- 3.71 Егер оқу тобының қарыздарының 50%-і бір пәнмен байланысты болса:
- Нәтижелерді факультет кеңесінде, Академиялық кеңесте талқылау қажет;
 - Қарызы бар білім алушылардың пән бойынша оқытушылар арасында бөлінуіне талдау жасап, егер қарыздардың 50%-і бір ғана оқытушыға қатысты болса, онда себептерді онан әрі іздестіру тек осы оқытушының қызметіне қатысты жүргізілуі керек. Егер қарыздардың пайда болу себептері нақты бір оқытушының жұмысымен байланысты болса, оған түзетуші шаралар әзірлеу және сәйкессіздікті жою ұсынылады;
 - Білім алушылармен кері байланыс (сұрау/сауалнама) жүргізу қажет;
 - Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, бағалау критерийлері мен әдістері бойынша мақсатты ішкі аудит өткізу керек;
 - Түзету іс-шаралары тез арада әзірленіп, анықталуы тиіс. Түзетуші іс-шаралардың орындалуын қадағалау факультет деканына жүктеледі.
- 3.72 Емтихан нәтижелері бойынша қарыздары бар білім алушылары 40%-тен асатын оқытушы ақылы негізде қайта оқытуды жүргізуге тағайындалмайды.

Бірнеше модульдерден тұратын пәндерді өту кезіндегі білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау жүйесі

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 20-беті

- 3.73 Білім алушылардың ағымдық және межелік бақылау нәтижелері электронды журналға модульдің әрбір пәні бойынша бөлек қойылады.
- 3.74 Егер білім алушы модульдік пән бойынша аралық бақылауды тапсыруға жіберілген, бірақ модуль пәндерінің бірі бойынша 50%-ды алмаған жағдайда, ол емтиханға жіберіледі. Егер білім алушының модульдің екі пәні бойынша рұқсаты болмаса, онда ол емтиханға жіберілмейді. Академиялық қарыз модульдің осы екі не одан да көп пәндері бойынша жалпы негізде жойылады.
- 3.75 «Платонус» ААЖ Модульдік пән бойынша Қорытынды бағаны есептейді: $Модульдің\ ҚБ = (1\ пәннің\ ҚБ * пәннің\ сағаттары\ 1 + \dots + N\ пәннің\ ҚБ * N\ пәннің\ сағаттары) / (1\ пәннің\ сағаттары + \dots + N\ пәннің\ сағаттары)$.
- 3.76 Емтихан аяқталғаннан кейін әрбір кафедра өз пәні бойынша ҚБ құрады.


4. БАЛДЫҚ-РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕ БОЙЫНША РЕЙТИНГТІ ЕСЕПТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

- 4.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері бақылаудың барлық түрлері (ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) бойынша дәстүрлі бағалар шкаласына аударыла отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік-әріптік жүйесімен бағаланады.
- 4.2 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, дағдылары, машықтары мен құзіреттіліктері) 100 балдық шкаламен («өте жақсы» - А, А-, «жақсы» - В-, В, В+, С+, «қанағаттанарлық» - С, С-, D+, D, «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F» және оған сәйкес келетін сандық эквивалентпен) өлшенеді.


Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына аударылған бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдың цифрлық эквиваленті	%-мөлшері	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

- 4.3 FX – «шартты қанағаттанарлықсыз» бағасы – пәндердің теориялық мазмұны ішінара меңгерілген, қажетті тәжірибелік дағдылар қалыптаспаған, оқу бағдарламасында көрсетілген оқу тапсырмаларының көпшілігі орындалмаған немесе олардың орындалу сапасы 25 пен 49 балл аралығында бағаланған.
- 4.4 Транскриптке қорытынды бағаны көрсете отырып, F бағасын қоса алғанда, білім алушы оқыған барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер жазылады.
- 4.5 Бағалау академиялық адалдық қағидастарына негізделеді.
Практикалық сабақты бағалау мыналарды қамтиды:
➤ бастапқы білім деңгейі (тесттер, тапсырмалар, сауалнама және т. б.);


	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 21-беті</p>

- білімнің соңғы деңгейі (теориялық материалды, практикалық дағдыларды игеру, ситуациялық есептерді шешу, клиникалық жағдайларды талдау және т.б.
- 4.6 Білім алушылардың өзіндік жұмысы БӨЖ орындауға арналған Әдістемелік нұсқамаларға сәйкес жүргізіледі.
- 4.7 Практикалық және зертханалық жұмыстарды бағалау критерийлерін кафедра өз бетімен әзірлеп, бекітеді.
- 5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ**
- 5.1 Университет растайтын құжатты тіркей отырып, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде ауыстыруды және қалпына келтіруді қамтамасыз етеді және ақпараттық жүйеге үш жұмыс күні ішінде тиісті деректерді енгізеді.
- 5.2 Білім алушыларды бір білім бағдарламасынан басқасына, бір ЖОО-дан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау білім алушының университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың атына жазылған арызы бойынша жазғы және қысқы каникулдар кезеңінде жүзеге асырылады.
- 5.3 ЖЖБКБҰ білім алушысы оқудан шығарылғаннан кейін, егер игерілетін бағдарламаның жеке оқу жоспарына байланысты бірінші академиялық кезеңі толықтай аяқталған жағдайларда ғана ауыса алады немесе оқуға қайтадан қабылдана алады.
- 5.4 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оқыту нәтижелерін қайта есепке алу үшін білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау жөніндегі комиссия құрылады.
- 5.5 Университеттің білім алушылары ауыстырылады:
- ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға;
 - бір тілдік бөлімнен басқасына;
 - бір мамандықтан басқасына;
 - университеттен ҚР өзге ЖЖБКБҰ-ға;
 - ҚР өзге ЖЖБКБҰ-дан университетке;
 - университетімізден шетелдік ЖЖБКБҰ-ға;
 - шетелдік ЖЖБКБҰ-дан университетке.
- 5.6 Білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖЖБКБҰ-ға ауыса алады немесе қайта қабылданады.
- 5.7 Мемлекеттік білім беру грантымен оқып жатқан студент өзге ЖЖБКБҰ-ға грантын сақтай отырып ауыса алады. Білім алушының ауысуы жағдайында оны қабылдаушы ЖОО даярлық бағыты мен білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайларын ескереді. Білім алушы ауысқан немесе қайта қабылданған жағдайда оқыту нәтижелерін қайта есептеу үшін ауыстыру және қайта қабылдау бойынша тиісті комиссия құрылады. Комиссия шешімінің нәтижесінде Басқарма Төрағасы-Ректордың ауыстыру немесе қайта қабылдау туралы бұйрығы жарияланады.
- 5.8 Жекелеген ЖОО-ның білім гранттарымен түскен студенттер өзге ЖОО-ға тек ақылы негізде ғана ауыса алады.
- 5.9 Басқа ЖЖБКБҰ-дан ұлттық ЖОО-ға ауысу білім алушы білім гранты құнының айырмасын төлеген жағдайда жүзеге асырылады.
- 5.10 Белгілі бір ЖОО білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиясынан және (немесе) лицензия қосымшасынан айырылған (кері қайтарылған) немесе ЖЖБКБҰ жабылған жағдайларда аталмыш оқу орнының білім алушысы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін өзге ЖОО-ға ауыса алады.
- 5.11 Ақылы оқыту формасынан мемлекеттік білім грантына ауысуға тек «жақсы» және «өте жақсы» бағалары бар білім алушыларға, ваканттық орындар болған жағдайда ҚР БҒМ босаған мемлекеттік білім гранттарының конкурсына қатысу нәтижелері негізінде ҚР №58 Қаулысына сәйкес рұқсат


	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 22-беті

етіледі. ҚР ҰҚМ босатылған мемлекеттік білім беру грантына қатысу конкурсына ең жоғары GPA балы бар білім алушы үміткер болады.

- 5.12 Ақылы оқыту формасынан ЖАО грантына ауысуға тек «жақсы» және «өте жақсы» бағалары бар («қанағаттанарлық» бағасына тек ерекше жағдайларда, негіздеме бойынша ғана рұқсат) білім алушыларға ваканттық орындар болған жағдайда, конкурстық негізде жергілікті атқарушы органдарда босаған ЖАО білім беру гранттары конкурсына қатысу нәтижелері бойынша рұқсат етіледі.
- 5.13 Бөлінген квота шегінде жекелеген ЖЖОКБҰ үшін бекітілген білім беру гранттары бойынша оқуға түскен білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ-ға тек ақылы негізде ауыстырылады.
- 5.14 Деканат жоғары білім алу процесінде босаған білім беру гранттарын және ЖАО гранттарын беру үшін құжаттарды жинауды ұйымдастырады.
- 5.15 Білім алушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оның бұған дейінгі оқыған академиялық кезеңдеріндегі жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық анықталады. Білім бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылық транскриптте көрсетілген оқылған пәндердің тізімі мен академиялық сағат немесе кредиттер түріндегі көлемінің негізінде анықталады.
- 5.16 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың оған дейінгі қол жеткен оқыту нәтижелері, оң бағалары академиялық кредиттерін бір ББ екіншісіне, бір білім беру мекемесінен екіншісіне аудару жолымен танылады. Пәндер айырмашылықтарын анықтау кезінде қорытынды бақылау формалары есепке алынбайды.
- 5.17 Білім алушы ауысу немесе қайта қабылдану барысында мына құжаттарды ұсынылады:
- игерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (транскрипт);
 - білім берудің алдыңғы деңгейінің аяқталуы туралы құжат;
 - оқуға түсу сынақтарының нәтижелері немесе шетелдік ЖЖОКБҰ-дан қабылданғаны туралы бұйрық, ҚР ЖЖОКБҰ үшін ҰБТ немесе КТ.
- 5.18 Факультет деканы ауыстыру және қайта қабылдау бойынша комиссияның шешімі негізінде білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.
- 5.19 Білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарттың талаптарын бұзғаны үшін оқудан шығарылғаннан кейін (төлем бойынша қарыз) білім алушы бір ай ішінде төлем бойынша берешегін жойғаннан кейін қайта қабылдануға құқылы.
- 5.20 Оқу жоспарларындағы айырмашылықтар 14 кредиттен аспаған жағдайда сол курсқа ауыстыру мен қайта қабылдау жүргізіледі. Егер айырмашылықтар саны асып кетсе, білім алушылар бір курсқа төмендетіле отырып ауыстырылады немесе қайта қабылданады. Егер айырмашылықтар ЖБП циклы пәндері бойынша 14 кредиттен асып кетсе, білім алушы аталмыш пәндер бойынша қарыздарды барлық оқыту кезеңі ішінде жою шартымен ауыстырылады.
- 5.21 Оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықтарды жою тәртібі мен мерзімдері деканаттың өкімі негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделіп, білім алушының жеке оқу жоспарына енгізіледі.
- 5.22 Белгіленген уақыт ішінде жойылмаған айырма академиялық қарыз ретінде есептеледі.
- 5.23 Қайта қабылдау немесе ауыстыру кезіндегі академиялық айырмашылықтар ақылы негізде жүзеге асырылады.
- 5.24 Білім алушыны қайта қабылдау кезіндегі пән айырмашылықтарын жою тегін жүзеге асырылады.
- 5.25 Жұмыс оқу жоспарындағы пәндердің академиялық айырмашылықтары жазғы семестрде жойылмаса, ол онан әрі академиялық қарыз болып есептелетін болады.
- 5.26 Жазғы семестр жеке кесте бойынша ақылы негізде ұйымдастырылады (бітіру курсынан басқа).
- 5.27 Курстың оқу жоспарының барлық талаптарын толық орындап, барлық емтихандарды сәтті тапсырған білім алушы Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 23-беті

- 5.28 Мемлекеттік грант негізінде білім алушы академиялық қарызы болған жағдайда, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оны ақылы негізде өтейді, бұл ретте оның білім беру гранты сақталады.
- 5.29 Академиялық қарызды жою мақсатында пәнді қайталап оқуға бұйрық рәсімдеу үшін мына құжаттар тапсырылуы қажет:
- студенттің факультет деканының бұрыштамасы қойылған өтініші;
 - білім беру қызметін ақылы көрсету туралы келісімшарттың екі данасы;
 - оқу ақысын төлегендігі туралы түбіртектің көшірмесі.
- Бір тілдік бөлімнен екіншісіне ауыстыру**
- 5.30 Бір тілдік бөлімнен екіншісіне ауысуға ниет білдірген білім алушы Басқарма төрағасы-Ректордың атына өтініш жазады және оқитын ББ деканатына транскрипт тапсырады.
- Бір ББ-дан екінші ББ-ға ауысу**
- 5.31 Білім алушының бір ББ-дан екінші ББ-ға ауысуы ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.
- 5.32 Ақылы негізде білім алушыларды университет ішінде бір ББ-дан екіншісіне ауыстыру келісімшартқа тиісті өзгерістер енгізіле отырып, Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделеді.
- 5.33 Резидентурада республикалық бюджет бойынша білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру дәлелді себептер болған жағдайларда, құзырлы органмен келісе отырып жасалуы мүмкін. Резидентурада білім алушының оқу мерзімінің ұзартылуы мен оның қаржыландырылуы бюджеттік қаражат болмаған жағдайда, оның жеке өз қаражаты есебінен жүргізіледі.
- 5.34 Резидентурада білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне құзырлы органмен келісімсіз ауыстыру, білім алушының өз қаражаты есебінен немесе маман даярлауға қатысты жасалған келісімшарттарға сәйкес «тапсырыс берушілердің» кепілдеме ұсыныстары бойынша жүргізілуі мүмкін.
- Университеттен басқа ЖЖБҚБҰ-ға ауысу**
- 5.35 Өзге ЖЖБҚБҰ-ға ауысуға ниет білдірген білім алушы жинақтайтын құжаттар:
- Басқарма төрағасы-Ректордың атына басқа ЖЖБҚБҰ-ға ауысқысы келгендігі туралы өтініш (ЖЖБҚБҰ атауын нақты көрсете отырып) жазады, оған факультет деканының, экономика және жоспарлау департаменті жетекшісінің бұрыштамалары мен Басқарма төрағасы-Ректордың жазбаша келісімі қойылуы тиіс;
 - транскрипт,
 - аталған мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге деген лицензия көшірмесі (қажет болған жағдайда);
 - ұлттық бірыңғай тестілеуді немесе кешенді тестілеуді тапсырғандығы (бакалавриат үшін) туралы сертификаттың көшірмесі немесе бакалавриатты бітіргендігі туралы диплом (интернатура);
 - мемлекеттік білім гранты негізінде білім алушы мемлекеттік білім гранты куәлігінің көшірмесі.
- 5.36 Білім алушы ауысу барысында кету парағына студенттік бөлімнің визасын қойғызуы тиіс.
- 5.37 Студент ауысып баратын ЖЖБҚБҰ басшысы бұйрық шыққаннан кейін студент бұрын оқыған ЖЖБҚБҰ-ға оның жеке іс қағазын жіберу туралы жазбаша сұраныс жібереді. Сұранысқа білім алшыны ауыстыру негізінде оқуға қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса тіркеледі. Басқарма төрағасы-Ректор мұндай сұранысты алғаннан кейін студентті оқудан шығару туралы бұйрық шығарады.
- 5.38 Университетте транскрипттің, ұлттық бірыңғай тестілеуді немесе кешенді тестілеуді тапсырғандығы туралы сертификаттың, білім грантын иегері куәлігінің көшірмелері, жіберілетін құжаттар тізбесі қалдырылады.
- «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-қа ҚР өзге ЖЖБҚБҰ-дан ауысу**
- 5.39 Ауысу барысында мына құжаттар ұсынылуы тиіс:
- Басқарма төрағасы-Ректордың атына ауысу туралы деканның бұрыштамасы қойылған өтініш (оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды көрсете отырып);

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 24-беті</p>

- оқып жатқан ЖЖБКБҰ басшысының атына ЖЖБКБҰ мөрімен бекітілген ауыстыруға келісім туралы бұрыштама жасалған өтініш;
- ЖЖБКБҰ-ның осы мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензиясының көшірмесі;
- ЖЖБКБҰ мөрі қойылған және 2,67-ден кем емес GPA транскрипт;
- ҰБТ немесе КТ сертификатының көшірмесі;
- мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алушылар үшін мемлекеттік білім беру гранты куәлігінің көшірмесі.

5.40 Факультет деканы өтініш келіп түскеннен соң:

- оқу жоспары бойынша академиялық айырмашылықты анықтап, оны өтініште көрсетуі тиіс;
- ауыстыру туралы түпкілікті шешімді «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-тың білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау бойынша комиссиясы анықтайды. Шешім оң нәтижелі болған жағдайда Басақарма Төрағасы-Ректордың қабылдау туралы бұйрығы шығарылады.

Шетелдік білім беру ұйымынан ауысу немесе оқуға қайта қабылдау


5.41 Шетелдік ЖЖОКБҰ-дан білім алушыларды ауыстыру тиісті білім деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған және (немесе) экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің білім беру саласы бойынша аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

5.42 Білім алушының шетелдік білім беру ұйымынан ауысуы немесе оқуға қайта қабылдануы кезінде мына құжаттар ұсынылады:

- игерілген оқу бағдарламалары туралы (транскрипт) құжаттар;
- сондай-ақ бұған дейінгі алған білім деңгейінің аяқталғандығы туралы, Білім құжаттарының Қазақстан Республикасында мойындалу және нострификациялау ережелеріне сай нострификация рәсімін өткен құжат;
- шетелдік ЖЖБКБҰ-ға түскен кездегі түсу сынақтарының нәтижелері немесе бұйрықтың көшірмесі.

1. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ ТӘРТІБІ


- 6.1. Академиялық демалыс білім алушыларға амбулаторлық-емханалық мекеме жанындағы дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының (мұнан әрі - ДКК) науқастану туралы 6-дан 12 айға дейінгі мерзімге қорытындысының негізінде, әскери қызметке шақырту құжатының негізінде, бала туу (ата-аналарының біреуіне), бала асырап алу жағдайларында бала үш жасқа толғанша беріледі.
- 6.2. Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы деканатқа Басақарма төрағасы-Ректордың атына белгіленген үлгідегі арыз береді.
- 6.3. Студенттік бөлім маманы құжаттарды қабылдау кезінде құжаттар көшірмесін оның түпнұсқаларымен салыстырып, кейін түпнұсқаларды өтініш берушіге қайтарады. Егер маман құжаттардың жалғандығын анықтаса, олар көрсетілген талаптарға сай келмесе, құжаттардың пакеті толық болмаса, өтініш қабылдаудан бас тартады.
- 6.4. Ұсынылған құжаттар негізінде оң шешім қабылдаған жағдайда Басақарма төрағасы-Ректор білім алушыға басталу және аяқталу мерзімі көрсетілген академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарады.
- 6.5. Басақарма төрағасы-Ректор республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесін ҚР ҒЖБМ-ға, ал оқу жергілікті бюджеттен қаржыландырылса – білім саласының жергілікті атқарушы органдарына аталмыш бағдарламаның тиісті қаражат көлемі мен қаржыландырылу мерзімдерін реттеу мақсатында жіберуі тиіс.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 25-беті


- 6.6. Академиялық демалыстан шыққаннан соң білім алушы Басқарма төрағасы-Ректордың атына өтінішті, жеке басын куәландырушы құжатты және денсаулық сақтау мекемесінің (ДКК, ОДКК) аталмыш мамандық бойынша білімін жалғастыруға рұқсат бергенін растаушы құжатты, форма бойынша әскери билетін, баласының тууы туралы куәлігін, баланы асырап алуы туралы куәлігін ұсынады. Құжаттар қабылдау кезінде студенттік бөлімнің маманы құжаттардың көшірмелерін олардың түпнұсқаларымен салыстырып, түпнұсқаларын өтініш берушіге қайтарады.
- 6.7. Ұсынылған құжаттар негізінде Басқарма төрағасы-Ректор білім алушының мамандығын, курсың және тобын көрсете отырып, білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарады.
- 6.8. Университет мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрықтың көшірмесін ҚР ҒЖБМ-ға, ал оқу жергілікті бюджеттен қаржыландырылса – білім саласының жергілікті атқарушы органдарына аталмыш бағдарламаның тиісті қаражат көлемі мен қаржыландырылу мерзімдерін реттеу мақсатында жіберуі тиіс.
- 6.9. Декан ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарларындағы пәндердің (модульдердің) айырмашылықтарын, оқу курсың анықтап, білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.
- 6.10. Академиялық демалыстан шыққаннан кейін білім алушы оқуын демалысты рәсімдеген курсыңан (академиялық кезеңінен) бастап жалғастырады.
- 6.11. Егер академиялық демалыстан шығу немесе оған кету мерзімі академиялық кезеңнің басталу, не аяқталу кезеңімен сәйкес келмесе, онда білім алушы ақысыз негізде жеке кесте бойынша білім беру мекемесінің жетекшісі бекіткен жұмыс оқу жоспарында қарастырылған барлық оқу тапсырмаларын орындайды, ағымдық бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, аралық аттестаттауға жіберуге рұқсат алады.
- 6.12. Білім алушы айырмашылықтарды жою үшін ағымдағы академиялық кезең ішіндегі негізгі оқу сабақтарымен параллель түрде барлық оқу сабақтарының түрлеріне қатынасады, тиісті модульдің (модульдік оқыту болса) оқу тапсырмаларын орындайды, аталған пәндер бойынша жұмыс оқу жоспарында қарастырылған ағымдық және межелік бақылауларды тапсырады, рұқсат алады, сөйтіп, академиялық күнтізбеге сәйкес келетін аралық аттестаттау кезеңінде қорытынды бақылауды ақысыз негізде тапсырады.

7. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

- 7.1. Академиялық ұтқырлық шеңберінде университет ҚР-ның өзге ЖЖБКБҰ-ларынан, алыс және жақын шетелдерден алдыңғы қатарлы ОПК шақыра алады; білім алушыларды ҚР ЖЖБКБҰ-ға, алыс және жақын шетелдік ЖЖБКБҰ-ға бір және одан да артық семестрлерге оқуға жібере алады; осы алмасу негізінде ҚР, ТМД және өзге елдердің университеттерінен білім алушылар қабылдай алады.
- 7.2. Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы екі бағытта жүзеге асырылады:
- Сыртқы шығыс және кіріс академиялық ұтқырлығы – білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық мерзімге шет елде оқу үшін немесе зерттеулер жүргізу үшін алмасуы;
 - Ішкі шығыс және кіріс академиялық ұтқырлық - білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық мерзімге ҚР ішінде оқу үшін немесе зерттеулер жүргізу үшін алмасуы. Университеттің және әріптес ЖОО-ның білім алушыларына арналған академиялық ұтқырлықтың формалары болып табылады:
 - оқыту мақсатында белгілі бір академиялық мерзімге білім алушылардың алмасуы, ол игерілген кредиттерді қайта есептеу және оқыту нәтижелерін мойындаумен бірлесе жүреді;
 - білім алушылардың зерттеу жүргізу мақсатындағы алмасуы;
 - оқу (зерттеу, өндірістік) практикалары.
- 7.3 Академиялық ұтқырлықты жүзеге асырудың базалық мерзімі семестр, цикл немесе оқу жылы болып табылады, оқу-өндірістік практикалар үшін 1-10 аптаны құрайды.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 26-беті

- 7.4 Академиялық алмасу үшін топтарды қалыптастыруды халықаралық әріптестік, жобалар және академиялық ұтқырлық бөлімі декандармен келісе отырып жүзеге асырады.
- 7.5 Академиялық ұтқырлық субъектілерінің аталмыш бағдарламаға қатысу кезінде өздерінің оқу немесе жұмыс орындары сақталады.
- 7.6 Академиялық ұтқырлық бағдарламалары оқытудың нормативтік мерзімдерін ұлғайтпайды.
- 7.7 Басқа ЖЖБКБҰ білім алушыларының академиялық ұтқырлық бойынша оқытуын ұйымдастыру және оқу жетістіктерінің нәтижелерін қайта есептеу ЖЖБКБҰ арасындағы оқыту келісімшарты мен келісінде регламенттеледі.
- 7.8 Қабылдаушы ЖЖБКБҰ-да болу мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушылар өз оқу орнына транскрипт және барлық растау құжаттарын (немесе емтихан ведомосын) тапсырады.
- 7.9 Академиялық ұтқырлық бағдарламалары түрлі қаржы көздерінен, оның ішінде университеттің бюджеттік және бюджеттік емес қаржы көздерінен қаржыландырылуы мүмкін.
- 7.10 Академиялық ұтқырлықты ақпараттық қамтамасыз ету академиялық ұтқырлықтың түрліше бағдарламалары, оны рәсімдеу үшін қажетті құжаттар туралы ақпаратты таратуды қамтиды, ол Университет сайтына, «Документолог» ААЖ-ға ақпарат жүктеу, кеңес беру және т.б. арқылы жүзеге асырылады.
- 7.11 Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатынасуға тілек білдірген факультеттер тиісті құрылымдық бөлім білім алушыларды, ПОҚ-ты, қызметкерлерді, магистранттарды, резиденттерді және докторанттарды жіберу және қабылдай алу мүмкіндіктері туралы халықаралық әріптестік, жобалар және академиялық ұтқырлық бөлімін хабардар етеді.
- 7.12 Білім алушыларды академиялық ұтқырлық шеңберінде шет елдерге оқуға жіберу төмендегідей қаражат көздерінен қаржыландырылуы мүмкін:
- жоғары оқу орындарының ақылы қызметтерді жүзеге асыруынан түскен табыстары есебінен;
 - жұмыс берушілердің, әлеуметтік, академиялық және ғылыми әріптестердің, халықаралық және отандық қорлардың гранттары мен шәкіртақылары есебінен;
 - білім алушылардың жеке қаражаттарының есебінен.
- 7.13 Академиялық ұтқырлықты жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде университетте мына құжаттар қолданылады:
- ұтқырлық бағдарламасымен шығатын студенттің өтініші;
 - ұтқырлық бағдарламалары бойынша келісім;
 - транскрипт.
- 7.14 Білім алушылар ЖЖБКБҰ таңдауға (ел ішінде немесе шет елде), академиялық ұтқырлық бағдарламалары маманына сұраныс беруге құқылы, маман өз кезегінде оқылатын пәндер тізімін анықтайды. Қабылдаушы тарап академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын хатын ұсынуы керек. Бағдарлама типіне байланысты ол университеттен шақыру хат, конференцияға қатысу үшін ақпараттық хат, ғылыми тағылымдама бағдарламасы бойынша қабылдаушы профессордың келісім хаты, болмаса өзге де растаушы құжаттар түрінде болуы мүмкін.
- 7.15 Жіберуші және қабылдаушы ЖЖБКБҰ арасында келісім жасалады.
- 7.16 Әріптестік туралы меморандум немесе келісімшарт академиялық ұтқырлық бағдарламаларын реттеуші негізгі құжаттар болып табылады.
- 7.17 Білім алушы қабылдаушы ЖЖБКБҰ-да оқуын аяқтағаннан соң, өз оқу орнына транскрипт пен аванстық есеп тапсырады.
- 7.18 Транскрипт негізінде білім алушыға ECTS типімен кредиттерді есептеудің қазақстандық жүйелеріне сай кредиттерді міндетті түрде қайта есептеу жүргізіледі.
- 7.19 Оқыту туралы транскриптке оқыту бағдарламасы бойынша есеп (пәннің коды), пәннің атауы, оқытылу ұзақтығы (жыл, семестр, триместр), оқу бағасы (ұлттық шкала және ECTS шкаласы бойынша), берілген ECTS кредиттерінің саны енгізіледі.
- Білім алушыларды іріктеу критерийлері: жасалған шарттар мен келісімдер шеңберінде шетелде оқуға арналған конкурсқа қатысу шарттары:

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 27-беті

- білім туралы құжаттың орташа балы;
- бакалавр дәрежесін алуға үміткерлер үшін - аттестаттың немесе негізгі орта білім туралы куәліктің және ағымдағы оқу жылындағы ағымдағы үлгерім туралы табельдің/транскриптің немесе арнайы орта білім туралы дипломның орташа балының кемінде 4,0 (5,0-ден) немесе 3,0 (4,0/4,33-тен) GPA (Grade Point Average (Грейд Пойнт Авередж) деңгейіне сәйкес келуі - барлық өткен курстар үшін алынған бағалардың арифметикалық ортасы) немесе оқу орнынан растайтын құжатқа сәйкес оның баламасы;
- магистр дәрежесін алуға және резидентурада оқуға үміткерлер үшін - бакалавр/маман дипломының орташа балы немесе ағымдағы үлгерімі туралы транскриптің орташа балы кемінде 3,0 (4,0/4,33-тен) GPA (Grade Point Average (Грейд Пойнт Авередж) баллына немесе оның баламасына сәйкестігі оқу орнының растау құжатына сәйкес оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес келуі;
- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға үміткерлер үшін – магистр дипломының немесе ағымдағы үлгерімі туралы транскриптің орташа балының кемінде 3,0 (4,0/4,33-тен) GPA (Grade Point Average (Грейд Пойнт Авередж) - барлық өткен курстар үшін алынған бағалардың арифметикалық орташа мәні) оның негізінде жасалған балға сәйкес келуі немесе оқу орнының растау құжатына сәйкес оқу орнының бағалау жүйесіне сәйкес баламасына сәйкес келуі;
- ағымдағы үлгерім туралы транскрипт ұсынатын үміткерлер үшін - ағымдағы үлгерімнің орташа балының жоғарыда көрсетілген баллдарға сәйкес келуі;
- үміткер бағалау жүйесі Ережеде көрсетілгеннен басқа оқу орнында оқыған жағдайда, үміткер оқу орнынан 4,0 немесе 5,0 шкала бойынша GPA баламасын көрсете отырып, хат ұсынады;
- оқыту тілін білу деңгейі;
- ағылшын тілінде оқыту үшін – IELTS-5.5, TOEFL-46-дан кем емес немесе алдыңғы оқыту деңгейінде осы тілде оқығанын растайтын диплом/транскриптінің болуы;
- қабылдаушы тараптың ағылшын тілін білу бойынша талаптары басқа болса, сол қабылдаушы тараптың талаптары қолданылады;
- басқа оқыту тілдері үшін - қабылдаушы тараптың талаптарына сәйкес.


8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

8.1 Білім алушыларды Университеттен шығару шарттары:


- өз еркімен;
- білім беру бағдарламасын аяқтауына байланысты;
- академиялық үлгермеушілікке байланысты (жазғы семестрдің нәтижелерін есепке ала отырып ауысу балын ала алмаған);
- білім беру қызметін көрсету туралы келесімшарт талаптарын бұзғандығы үшін (оқу ақысы бойынша қарызы). Қайта қабылдау 1 айдан кешіктірілмей жүргізіледі;
- өзге жоғарғы оқу орындарына ауысуына байланысты;
- оқу сабақтарына дәлелді себептерсіз жүйелі түрде қатынаспағандығы үшін (бір академиялық мерзім ішінде 144 және онан да көп сағатты құраса);
- университетпен байланысын үзгендігі үшін (қатарынан 14 және онан да көп күнтізбелік күн/20-21 күн);
- академиялық демалыстан немесе шетелдік іссапардан оралмағандығы үшін (14 және онан да көп күнтізбелік күн);
- емтихан сессиясына дәлелді себептерсіз келмегендігі үшін;
- қорытынды мемлекеттік аттестаттау кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған кезде;
- факультет деканының ұсынысы бойынша академиялық адалдықты бұзғаны үшін.

8.2 Білім алушыны оқудан шығару Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен жүргізіледі.


9. ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАР

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 28-беті</p>


- 9.1 Тәртіптік жазаларды қолдану білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасын жақсарту және Университеттегі адал бәсекелестікті, білім алушылардың академиялық адалдық пен оқу тәртібін сақтауын қолдау мақсатында жүргізіледі.
- 9.2 Білім алушылардың тәртіп бұзуларына қатысты Университетте мына тәртіптік жазалау шаралары қолданылады:
- ескерту;
 - сөгіс;
 - қатаң сөгіс;
 - университеттен шығару.
- 9.3 Білім алушылардың сабақтардан дәлелсіз қалғандығы үшін қолданылатын тәртіптік шаралар:
- бір академиялық мерзім ішінде дәлелсіз 36 сағат сабақ жібергендігі үшін деканның өкімімен ескерту жасалады;
 - бір академиялық кезең ішінде себепсіз 37-ден 72 сағатқа дейін сабақ жіберген болса, Ректордың бұйрығымен, жеке іс қағазына енгізе отырып сөгіс беріледі. Егер екінші сөгіс алса, білім алушы оқудан шығарылады;
 - жіберген сабақтары 73-тен 144 сағатқа жетсе, қатаң сөгіс жарияланады;
 - жіберген сағаттар саны 144 сағаттан асса, Университеттен шығарылады.
- 9.4 Сабақтарды жіберуінің дәлелді себептері құжаттармен тәртіптік жаза қолданылғанға дейін расталуы керек. Көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған құжаттар, егер Университет әкімшілігі басқа шешім қабылдаған жағдайлардан басқа уақытта, қарастырылуға қабылданбайды.
- 9.5 Әрбір тәртіп бұзғандығы үшін білім алушыға бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.
- 9.6 Тәртіптік шаралар өз нәтижелерін бермей, оның Университетте одан әр қарай болуы өзге білім алушыларға кері әсерін тигізсе, олардың және университет қызметкерлерінің құқықтарын бұзса, әкімшілік білім алушыны оқудан шығаруға құқылы.
- 9.7 Ар-намыс кодексі мен академиялық адалдық саясатын қатаң бұзған жағдайда тәртіптік шара қолдану мен оның түрін таңдау құқығы Басқарма төрағасы-Ректорына тиесілі және ол білім алушыны оқудан шығаруды қамтуы да мүмкін.
- 9.8 Қажетті жағдайларда әкімшілік білім алушының жазбаша түсініктемесінде көрсетілген тәртіп бұзудың себептері мен фактілерін тексеруге қызметтік тергеу жұмыстарын жүргізуге құқылы.
- 9.9 Егер білім алушылар тарапынан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде және Әкімшілік құқық бұзу кодексінде көрсетілген тәртіп бұзушылықтар орын алса, университет тиісті органдарға жүгінуі тиіс.
- 9.10 Тәртіптік шараның қолданылуы білім алушы назарына факультет деканының тарапынан білім алушының қолын қойдыру арқылы жеткізіледі. Шара қолданылуы туралы білім алушының жеке ісіне жазылады. Шараны жариялау оның ата-аналарына немесе қамқоршысына хабарланады.
- 9.11 Білім алушы тәртіп бұзған жағдайда тиісті факультеттің деканы немесе бөлімше жетекшісі (әрекеттің ауырлығына байланысты) Басқарма төрағасы-Ректордың/оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың атына білім алушының аты-жөні, тобы, курсы мен факультетін, тәртіп бұзудың мәнін, оған қолданылуы тиіс шараның негіздемесі мен түрін көрсете отырып, қызметтік жазба береді. Оған білім алушының тәртіп бұзу фактісін растайтын құжаттар мен материалдар тіркелуі тиіс.
- 9.12 «Қатаң сөгіс» немесе «оқудан шығару» секілді тәртіптік шара қолданған кезде сәйкес факультет деканы тарапынан оқу тәртібін бұзғандығы туралы Акт жасалады, ол мына ақпараттарды қамтуы тиіс:
- реттік саны;
 - Актінің жасалған уақыты мен орны;
 - тәртіп бұзған білім алушының (білім алушылардың) аты-жөні, факультет атауы, оқу курсы, тобының нөмірі;
 - Актіге қол қойған университет қызметкерінің аты-жөні және лауазымы;
 - жасалған тәртіптік бұзушылықтың мәні мен қысқаша сипаттамасы;

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 29-беті

- тәртіп бұзушылықтардың жасалғандығын растаушы фактілер.
- 9.13 Актіге білім алушының (алушылардың) тәртіп бұзғандығын растайтын құжаттар қоса тіркелуі тиіс. Олар:
 - университеттің білім алушыларының, қызметкерлерінің тәртіптік жазаны қолдануды қарастыру үшін маңызды деп саналатын өздері білетін жағдайлар туралы жазбаша түсініктемелері;
 - тәртіптік жазаны қолдану туралы мәселені қарастыру үшін маңызы бар жағдайлар көрсетілген актілер, құжаттар, хаттар. Құжаттар қатарына компьютерлік мәліметтер, фото түсірілімдер, дыбыс және бейне жазбалары да жатқызылуы мүмкін.
- 9.14 Актіні факультет деканы Басқарма төрағасы-Ректорға/ОТЖ жөніндегі проректорға баянатпен бірге ұсынады.
- 9.15 Тәртіптік жаза тағайындау туралы мәселені қарастыру кезінде білім алушылардың және/немесе педагогикалық қызметкерлердің заңмен кепілдендірілген құқықтарынан айыру немесе қысым көрсету, оның ішінде күш көрсету, қорқыту, алдау, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттер жолымен алынған; белгісіз тұлғадан не болмаса тәртіптік жаза тағайындау туралы мәселені қарау кезінде белгісіз болып қалған адамнан алынған құжаттар, материалдар мен өзге де фактілік мәліметтер қарастырылмайды.
- 9.16 Факультет деканаты тарапынан тәртіптік жаза қолдану туралы факультет кеңесінде және/немесе білім алушылардың құзырлы органында мәселе көтерілуі мүмкін. Бұл жағдайда факультет деканының баянатына кеңес төрағасы мен хатшысының қолы қойылған кеңес мәжілісінің хаттамасы қоса тіркеледі.
- 9.17 Білім алушыға тәртіптік жаза қолданғанға дейін деканат білім алушыдан оның жасаған тәртіп бұзушылығы туралы жазбаша түсініктеме талап етуге міндетті. Білім алушының жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы немесе сабақта болмауы, болмаса деканат шақыртуына келмеуі секілді себептермен жазбаша түсініктеме бермеуі тәртіптік жаза қолдануға кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда факультет деканы ұйымдастырған комиссия тарапынан акт жасалады. Комиссия құрамына деканат қызметкерлері мен оқытушылар кіреді, олардың саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия құрамына тәртіп бұзған білім алушы оқитын топтың студенттері де кіргізілуі мүмкін.
- 9.18 Қажет болған жағдайларда университет әкімшілігі тәртіп бұзылу жағдайларын немесе білім алушының жазбаша түсініктемесінде көрсетілген фактілерді тексеру мақсатында қызметтік тексеру жүргізе алады, оның жұмысына қажет болған кезде құқық қорғау органдарының өкілдерін де тарта алады.
- 9.19 Білім алушылардың іс-әрекеттерінен қолданыстағы заңнамаға сәйкес қылмыстық жауапкершілік ретінде қарастырылатын фактілер анықталған жағдайларда (ұрлық, бұзақылық, адам денсаулығына залал келтіру, пара беру, құжаттарды қолдан жасау және т.б.), факультет деканы құқық қорғау органдарына жүгіну туралы шешім қабылдау мақсатында тез арада ОТЖ жөніндегі проректорды, заң бөлімінің жетекшісін хабардар етуі тиіс.
- 9.20 Білім алушыларға қатысты тәртіптік жаза туралы бұйрық мына уақыттарда шығарылмайды:
 - білім алушының уақытша жұмысқа қабілетсіздігі кезінде;
 - каникул кезінде;
 - білім алушы академиялық демалыста жүрген кезінде.
- 9.21 Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық оны бұзушы білім алушыға бес жұмыс күні ішінде жарияланады, тәртіп бұзушы бұйрықпен танысқандығы туралы қол қояды. Білім алушы бұйрықпен танысу барысында оған қол қоюдан бас тартса, тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрыққа бұл туралы сәйкесінше жазбалар енгізіледі.
- 9.22 Білім алушыны бұйрықпен тікелей таныстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, деканат бұйрықты хат түрінде оның жеке іс қағаздарында көрсетілген мекенжайға жібереді.
- 9.23 Білім алушы тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықпен келіспеген жағдайда танысқан күннен бастап 3 күн ішінде деканатқа шағымдануға құқылы.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 30-беті

- 9.24 Тәртіптік жаза тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді білім алушының жеке іс қағазында сақталады.
- 9.25 Тәртіптік жаза қолдану білім алушыға оның Университетке келтірген залалын өтеу жауапкершілігін тағайындаудан, сонымен бірге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары бойынша тыйым салынбаған материалдық немесе моральдық ықпал етулерден босата алмайды.
- 9.26 Білім алушының тәртіптік жазасының болуы оның қосымша әлеуметтік қолдау бағдарламаларын алуына (қосымша гранттарға, босаған гранттық орындарға ауысуға деген құқықтарға, атаулы шәкіртақының, Әкім гранттарының иегері болуға, санаторий-курорттық емделуге жолдамалар алуға, «Болашақ» бағдарламасымен оқуға баруға, сыйлықақы алуға) кедергі болады.
- 9.27 Тәртіптік жаза аталмыш тәртіп бұзушылық анықталғанынан бір айдан кеш емес, алты айдан артық емес уақыт аралығында қолданылады, оған білім алушының ауырған және (немесе) каникулда, болмаса академиялық демалыста болған кездері кірмейді.
- 9.28 Тәртіп бұзушылық әрекеттің анықталған күні болып, білім алушы қарамағында болған тұлғаға оны жасалғандығы мәлім болған күн саналады, ол тұлғаның тәртіптік жаза қолдануға деген құзіреттіліктерге ие бола алмайтындығына қарамайды. Білім алушы жүйелі түрде тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, теріс қылық анықталған күннен бастап бір айлық мерзім соңғы тәртіп бұзушылық жасалған күннен бастап есептеледі.
- 9.29 Тәртіптік жазаның әрекет ету мерзімі оның тағайындалған күнінен бастап бір жылдан аспайды. Егер осы мерзім ішінде білім алушы басқа тәртіптік жазаға тартылмаса, ол тәртіптік жазасы жоқ тұлға ретінде танылады.
- 9.30 Университеттің Басқарма төрағасы-Ректорының білім алушыдан осы жазаны білім алушының өзінің немесе тиісті факультеттің деканының, сондай-ақ білім алушылардың құзырлы органының кепілдемесі негізінде алып тастауға құқығы бар.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 31-беті


2-тарау. БАКАЛАВРИАТ, ИНТЕРНАТУРА

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ


- 1.1 Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары «... ББ бойынша денсаулық сақтау бакалавры» академиялық дәрежесі беріліп, онан соң кәсіби даярлық деңгейлерін арттыруға мүмкіндік берілетін мамандарды дайындауға бағытталған.
- 1.2 Интернатураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру клиникалық тәжірибеге жіберу үшін міндетті шарт болып табылады.
- 1.3 ББ бойынша академиялық лектегі адам саны:
 - «Жалпы медицина» - 100 адамнан артық емес;
 - «Стоматология», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Мейіргер ісі» және «Фармация» білім алушылардың оқыту тілдері бойынша нақты контингентіне қарай.
- 1.4 Семинар сабақтары коммуникативтік дағдылар бойынша пәндерді қоспағанда, қоғамдық-гуманитарлық пәндер және психология кафедраларында өткізіледі.
- 1.5 Жоғары, техникалық және кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру базасында қысқартылған оқу мерзімі бар білім беру бағдарламаларының оқу үдерісі дуальды оқыту қағидаттары бойынша ұйымдастырылады.
- 1.6 Көшпелі интернатураны ұйымдастыру «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ Интернатураны игеру жөніндегі нұсқаулық хатына сәйкес жүргізіледі.
- 1.7 Көшпелі интернатура бойынша 7 курс интерндерін оқыту интерндердің келген жері бойынша МСАК деңгейіндегі ұйымдарда жүзеге асырылады.

3. ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТУ

- 2.1 Кәсіптік практика жоғарғы білімнің оқу бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады, оқу және өндірістік практикалар болып жіктеледі. Практикалардың жалпы көлемі 6 кредиттен аз болмауы тиіс.
- 2.2 Кәсіптік практиканың барлық түрлері Практика жөніндегі ережеге және Кәсіптік практика туралы процедураға сай жүргізіледі.
- 2.3 Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестатау қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.
- 2.4 Кәсіптік практиканың түрлері, көлемі мен мазмұны мамандықтардың Академиялық комитеттерімен реттеледі және университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.
- 2.5 Кәсіптік практика бағдарламалары білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес әзірленеді және білім алушылар бойында кәсіптік маңызды біліктер мен кәсіби білім стандарттарының талаптарына сәйкес арнауы күзиреттіліктерді қалыптастыруға бағытталады.
- 2.6 Практикалардың ұзақтығы студенттің бір апта ішіндегі жұмысының нормативтік уақытына байланысты есептеледі, ол 30 сағатқа тең, (5 күндік жұмыс күнінде тәулігіне 6 сағаттан) келеді.
- 2.7 Практиканың 1 кредитінің көлемі оқу және өндірістік практика үшін – 30 сағатты құрайды. Демек, апталық мерзімдегі 1 кредитке сәйкес практиканың ұзақтығы бакалавриаттағы оқу және өндірістік практика үшін 1 аптаны құрайды.
- 2.8 Кәсіптік практика оқу және клиникалық базаларда, теориялық білім берудің немесе арнаулы пәндердің меңгерілуінен кейін сабақ кезінде және оқудан тыс уақыттарда ұйымдастырылады.
- 2.9 Кәсіптік практиканың, кейін түлектердің жұмысқа орналасуының базалары болып, оқытылатын мамандықтың профиліне сәйкес келетін, кәсіптік практикаға жетекшілік ететін білікті мамандары мен материалдық-техникалық базалары бар ұйымдар (немесе бейінді ұйымдар) табылады.
- 2.10 Кәсіптік практикаға жетекшілікті жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізуге келісімшарт жасасқан материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар клиникалық базалар болып табылады.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 32-беті</p>

- 2.11 Университет практиканың клиникалық базалары болып табылатын мекемелермен кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша типтік келісімшартының формасына сай келетін келісімдер жасайды. Келісімшарттарда университеттің, практика базаларының және білім алушылардың міндеттері анықталады.
- 2.12 Практика базаларымен келісімшарттар практика басталғанға дейінгі 1 ай бұрын мерзімде жасалуы тиіс.
- 2.13 Клиникалық практиканың жалпы жетекшісі бас дәрігер немесе бас дәрігердің орынбасары болады, ол базадағы тікелей практика жетекшісін тағайындайды.
- 2.14 Практиканың базадағы тікелей жетекшісінің атқаратын қызметтері:
- білім алушыларды емдеу мекемесінің құрылымымен, штатымен, ішкі еңбек тәртібі ережелерімен таныстыру;
 - қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізу;
 - білім алушыларды нормативтік-техникалық құжаттармен, анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз ету;
 - білім алушыларды жұмыс орнындағы еңбектің ұйымдастырылуымен, оның жабдықталуымен, құралдарымен, есептік құжаттарды жүргізумен таныстыру;
 - кафедра тарапынан белгіленген практика жетекшісін білім алушылардың еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін бұзу жағдайлары туралы хабардар ету;
 - кәсіптік практика бойынша сынақ қабылдауға қатысу.
- 2.15 Практика жетекшілері ретінде кафедрадан осы практиканың базасы мен мамандықтың ерекшеліктерін жақсы білетін профессорлар, доценттер мен тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.
- 2.16 Кафедра тарапынан практика жетекшілерінің қызметтері:
- білім алушыларды практиканың ұйымдастырылу ережелерімен таныстыру;
 - қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар жүргізу;
 - білім алушыларға қажетті практикалық дағдыларды меңгеруге қажетті әдіснамалық көмек көрсету;
 - практиканың бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылуын қадағалау;
 - кәсіптік практиканың күнделігінің уақтылы толтырылуын тексеру;
 - кәсіптік практика бойынша сынақ қабылдауға қатысу.
- 2.17 Кәсіптік практика бойынша силлабусты тиісті ББ бойынша кафедралар әзірлейді.
- 2.18 Білім алушыларға кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жолдама беру өту мерзімі, өту базалары және практика жетекшісі көрсетілген Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделеді.
- 2.19 Кәсіптік практиканы есепке алу «Платонус» ААЖ-да электронды журналды жүргізу арқылы жүзеге асырылады, онда клиникалық базадағы практикалық дағдылардың және қатысымның көрсеткіштері бойынша жиынтық бағасы қойылады. Практиканың қорытынды бағасы клиникалық базаның қойған бағасының 60% және дифференциалды сынақ бағасы оның 40% құрайды.
- 2.20 Практика нәтижелерін білім алушылар практика аяқталуынан 1-2 күн бұрын күнделікте рәсімдейді. Күнделікті кафедра тарапынан белгіленген жетекші тексереді.
- 2.21 Кафедра жетекшісінің өкімімен құрылған комиссия құрамына: кафедра жетекшісі (мүмкіндігіне қарай); кафедра тарапынан практика жетекшісі; клиникалық базадағы практика жетекшісі кіреді; Комиссия кәсіптік практиканы толықтай өткен білім алушыға баға қойылатын дифференциялық сынақты жүргізеді. Комиссия назарына барлық тапсырмалардың орындалғандығы туралы клиникалық базадағы практика жетекшісінің қолы қойылған практиканың күнделігі ұсынылады.
- 2.22 Нәтижелер балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланып, білім алушының GPA есептеу кезінде есепке алынады.
- 2.23 Практика бойынша қорытынды баға кафедрада электрондық журнал арқылы шығарылады және білім алушының транскриптіне енгізіледі.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 33-беті</p>

- 2.24 Практикаға дәлелді себептермен келмеген білім алушы, дәлелді құжаттарды ұсынғаннан соң оны ақысыз, көрсетілген мерзім ішінде, оқу үрдісі барысында, деканның рұқсатымен жеке кесте бойынша өтуі тиіс. Практиканы қайтадан өтудің мерзімдері мен шарттарын факультет деканы белгілейді.
- 2.25 Дәлелсіз себептермен практиканы өтпеген немесе оның бағдарламасын орындамаған, жұмыс туралы кері пікір немесе есептерін қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар практикаға келесі академиялық кезең ішінде теориялық білім алумен бір мезгілде немесе жазғы семестр кезінде қайтадан өтуге жіберіледі. Практиканы дәлелсіз себептермен қайталап өту ақылы негізде жүзеге асырылады.
- 2.26 Практика аяқталғаннан кейін 3 күн ішінде кафедра бойынша жауапты тұлғалар тиісті деканатқа практиканың өту деңгейі мен білім алушылардың алға қойылған мақсаттарына жетудің жалпы бағдарламасының орындалуы туралы, сонымен қатар білім алушылардың тәжірибелік дайындықтарын жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген есеп береді.


3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУЫ

- 3.1. Білім алушылар өздерінің білім беру бағдарламасын жеке оқу жоспары (ЖекеОЖ) формасында құрады, олар осы жоспардың құрастырылуы мен оқу курсының толық қамтылуына, жұмыс оқу жоспары мен мамандық бойынша ЭПК талаптарына сәйкес келуіне, оқу жоспарына сәйкес тиісті кредиттер санын жинақтай алатындығына өздері жауапты.
- 3.2. Жеке оқу жоспары (ЖекеОЖ) әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын дербес анықтайды. ЖекеОЖ құрамына оқу қызметінің міндетті компонентінің (МК), ЖОО компонентінің (ЖООК), таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен түрлері (практикалар, ғылыми-зерттеу/сараптамалық-зерттеу жұмыстары, қорытынды бақылау формалары) енгізіледі.
- 3.3. Жеке ОЖ, ЭПК формасы, қалыптастырылу тәртібі мен бекіту тәртібін ЖОО өз бетінше анықтайды.
- 3.4. Өз Жеке ОЖ құрастыру барысында білім алушылар:
- оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен танысуы;
 - элективті оқу пәндеріне тіркелудің көрсетілген мерзімдерін сақтауы тиіс.
- 3.5 Жеке ОЖ әрбір білім алушының білім алу траекториясын анықтайды және эдвайзерлердің көмегімен әзірленеді, оны декандар бекітеді және «Платонус» ААЖ-да білім алушының жеке кабинетінде сақталады.
- 3.6 Жеке ОЖ құру кезінде Тіркеу офисі білім алушыларды белгіленген кредиттер саны, оқу жылындағы оқу пәндеріне тіркелу мерзімдері, пәндер мен оқытушыларды таңдау ережелері туралы ақпараттандыруы тиіс.
- 3.7 Элективті пәндерге жазылу академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде басталады. Кеш тіркелуге студенттің өз өтінішінде көрсетілген ерекше дәлелді себептер болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.
- 3.8 Эдвайзер білім алушылардың академиялық мүдделерін қорғап, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды ұсынуы, студентке болашақ мамандығын таңдауда кеңес беруге тиіс.
- 3.9 Бекітілген ЖекеОЖ бен білім алушылар контингенті туралы ресми мәліметтерді басшылыққа алып, Тіркеу офисі элективті пәннің тиімділігін есепке ала отырып, академиялық лектерді, оқу топтарын (6 адамнан кем емес) құрады. Тиімсіз деп табылған топтың білім алушылары басқа элективті пәнді көрсете отырып, 3 күн ішінде қайта өтініш бере алады.
- 3.10 Білім алушылар элективті пәнді оқып болған соңғы күні емтихан тапсырады.

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

Аралық бақылау

- 4.1 Дене шынықтыру, әскери дайындық, элективті пәндер және кәсіптік тәжірибе практика бойынша емтихандар сабақтың соңғы күні тапсырылады.
- 4.2 6 курс интерндерін жылдық аттестаттау қол жеткізілген жетістіктерді жиынтық бағалау түрінде

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 34-беті


жүргізіледі: көктемгі емтихан сессиясындағы аралық аттестаттаудың орташа көрсеткішінен 50% және ПДО базасында 5 жедел жәрдем станциясын игеру көрсеткішінен 50%. Жылдық аттестаттаудың нәтижелері төмен болған жағдайда, интерндер әңгімелесуге жіберіледі.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан


- 4.3. Университетте бакалавриаттың барлық мамандығының білім алушылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша, оны оқып бітірген академиялық кезеңде Мемлекеттік емтихан тапсырады.
- 4.4. Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыруды факультет деканатымен бірлесе отырып, «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша сабақтар жүргізетін кафедра жүзеге асырады.
- 4.5. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу формасын, МЕК мәжілістерінің үдерістерін университет өзі таңдай алады.
- 4.6. «Қазақстан тарихы» пәнінен Мемлекеттік емтихан қабылдау үшін факультет деканының ұсынысымен күнтізбелік жылға мемлекеттік емтихан комиссиясы құрылады. Комиссияның төрағасы мен құрамы Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 4.7. МЕК мәжілістерінің кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес жасалады және мемлекеттік емтиханнан екі апта бұрын Басқарма төрағасы-Ректор бекітеді.
- 4.8. МЕК мәжілістерінің ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.
- 4.9. Мемлекеттік емтихан нәтижелері білім алушылардың білімдерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі қолданыла отырып бағаланады. Қорытынды баға жіберу рейтингі мен мемлекеттік емтиханның бағасын есепке ала отырып қойылады.
- 4.10. Мемлекеттік емтихан тапсыру кезінде білім алушылар академиялық адалдықты бұзған жағдайда (шпаргалкаларды, микроқұлақпақтарды, ұялы телефондарды және т.б. пайдалану) білім алушыны аудиториядан шығару актісі жасалады және межелік бақылау нәтижесі жойылып, 0 балл қойылады.
- 4.11. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың «қанағаттанарлықсыз» баға алған немесе оң сипаттағы бағаны жоғарылату мақсатында қайта тапсыратын жағдайлары болған кезде, білім алушылар оны келесі академиялық мерзімде немесе жазғы оқу семестрінде ақылы негізде осы пәнге қайта жазылып, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайтадан қатысып, ағымдық бақылаудың талаптарын орындаған соң, рұқсат алады да, мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.
- 4.12. Мемлекеттік емтихан нәтижелерімен келіспеген білім алушы МЕК өткізілген күннен кейінгі күннен қалдырмай, апелляцияға бере алады.
- 4.13. Апелляция өткізу үшін деканат осы пән саласындағы тәжірибелі оқытушылар қатарынан «Қазақстан тарихы» пәні бойынша апелляциялық комиссияны құрады, ол Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 4.14. МЕ аяқталғаннан кейін МЕК төрағасы МЕК жұмысы туралы есепті әзірлейді, ол Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып, бекітіледі.

Түлектерді қорытынды мемлекеттік аттестаттау


- 4.15 Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға МЖМБС, жұмыс және жеке оқу жоспарлары талаптарына сәйкес білім беру үдерісін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.
- 4.16 Жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған бітіруші курстың білім алушылары жазғы семестрден өтпей, қайта оқу жылына қалдырылады. Бакалавриат («Қоғамдық денсаулық сақтау», «Мейіргер ісі», «Фармация») және интернатура түлектерін қорытынды мемлекеттік аттестаттау (МҚА) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі Денсаулық сақтау және денсаулық сақтау саласындағы мамандар".
- 4.17 Түлектердің кәсіби дайындығын екі кезеңнен тұратын тәуелсіз бағалау түрінде: білімді бағалау және дағдыларды бағалау.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 35-беті

- 4.18 Түлектердің кәсіби дайындығын тәуелсіз бағалау «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ (ҰТЕО) базасында ақылы негізде университет қаражаты есебінен жүргізіледі. ҚМА-ҰТЕО бірінші кезеңін өту үшін 7 курс интерндерінің тізімі алфавит ретімен жасалады.
- 4.19 Бітірушілердің кәсіби даярлығына тәуелсіз бағалау тапсыру рәсімі ҰТЕО сайтындағы ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі: Өзін-өзі бағалауға өтінім беру жөніндегі нұсқаулық; Сәйкестендіру бойынша нұсқаулық; Бағалаудың ақпараттық жүйесіне тіркеу жөніндегі нұсқаулық және Медициналық білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіби даярлығын бағалаудан өту жөніндегі нұсқаулық.
- 4.20 Түлектің дәлелді себебі болған жағдайда (денсаулық жағдайына, әскери қызметке шақырылуына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) бағалаудан қайта өтуге рұқсат беру Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Түлектерді бағалау университет қаражаты есебінен ақылы негізде жүргізіледі.
- 4.21 Дәлелсіз себеп болған жағдайда түлекті бағалаудан қайта өтуге жіберу Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығы негізінде жүзеге асырылады, ақы төлеу түлектердің жеке қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүргізіледі.
- 4.22 «Жалпы медицина» және «Стоматология» ББ бойынша бакалавриат түлектерін қорытынды аттестаттау екі кезеңнен тұрады: білімді бағалау және дағдыларды бағалау.
- 4.23 Білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау үшін Қорытынды мемлекеттік аттестаттау комиссия (МАК) құрылады.
- 4.24 Басқарма төрағасы-Ректор ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар ПОҚ немесе осы оқу орнында жұмыс жасамайтын, өндірістің бітіретін түлектер бейініне сәйкес келетін жоғары білікті мамандарынан таңдалып алынған МАК Төрағаларына үміткерлерді бекітеді.
- 4.25 МАК құрамы білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші білім алушылар контингентіне сәйкес бітіретін мамандардың бейініне сай келетін кем дегенде 5 адамнан: профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады және жыл сайын, 10 қаңтардан кешіктірілмей Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік жыл бойы әрекет етеді. МАК жұмысына қатысатын мамандардың бейіні ғылыми немесе академиялық дәреже мамандығына немесе базалық біліміне (диплом бойынша) сәйкестігімен айқындалады. МАК құрамына оның мүшелерінің құқығында факультет деканы кіреді.
- 4.26 МАК құзіретіне енеді:
- бітіруші түлектердің теориялық және практикалық даярлықтарының білім беру бағдарламаларының белгіленген талаптарына сай келу деңгейлерін тексеру;
 - бакалавриатты бітіргеннен кейін бакалавр академиялық дәрежесін және тиісті білім беру бағдарламасы бойынша интернатураны бітіргеннен кейін дәрігер біліктілігін беру;
 - кадрлар даярлау сапасын онан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.
- 4.27 МАК жұмысының кестесін Басқарма төрағасы-Ректор бекітеді және жалпы назарға МАК жұмысы басталардан екі апта бұрын ұсынылады.
- 4.28 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу факультет деканы білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аттары (егер болса), мамандықтары (білім беру бағдарламалары) көрсетілген тізім түріндегі қызметтік жазба негізінде қорытынды мемлекеттік аттестаттау басталардан екі апта бұрын Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделеді.
- 4.29 Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың басталуына үш күннен кем болмайтын мерзім ішінде МАК-қа ұсынылады:
- білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрық;
 - барлық оқу кезеңіндегі үлгерімнің орташа балл шамасы көрсетілген (GPA) білім алушының транскрипті.
- 4.30 МАК мәжілісінің ұзақтығы тәулігіне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 36-беті

- 4.31 Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылардың теориялық және практикалық даярлықтары деңгейлері ескеріле отырып, үлгерімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі негізіндегі бағалар қойылады.
- 4.32 Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері мемлекеттік аттестаттау комиссия мәжілісінің хаттамасымен рәсімделеді және МАК өткізілген күні жарияланады.
- 4.33 Қорытынды мемлекеттік аттестаттау өткізілгенде, хаттаманы рәсімдеуге негіз ретінде емтихан ведомосы алынады. Хаттаманы МАК құрамында бекітілген, алайда дауыс беру құқығы жоқ тұлға болып табылатын хатшы толтырады.
- 4.34 Егер МАК-тың бір мүшесінің пікірі комиссияның өзге мүшелерімен сай келмейтін болса, ол өз пікірін хаттамаға жазып, қолын қояды. Хаттамада өз оқуын аяқтаған білім алушыға бакалавр академиялық дәрежесін беру және/немесе біліктілік тапсыру, сондай-ақ диплом беру (үздік немесе жай) туралы көрсетіледі.
- 4.35 Қойылған баға және академиялық дәреже беру және/немесе біліктілік тапсыру, сондай-ақ диплом беру (үздік немесе жай) туралы шешімдер МАК тарапынан жабық мәжіліс кезінде ашық дауыс беру арқылы, мәжіліске қатынасқан комиссия мүшелерінің ашық дауысының басымдығымен қабылданады. Егер дауыстар тең дәрежеде болса, Төрағаның дауысы шешуші басымдыққа ие болады. Хаттамаларға МАК төрағасы мен мәжіліске қатынасқан комиссия мүшелері қол қойып, ол университет мұрағатында сақталады.
- 4.36 Дәлелді себептермен қорытынды аттестаттауға келмеген білім алушы МАК төрағасының атына еркін формада өтініш жазады, себептің дәлелділігін көрсететін құжатты ұсынады, сөйтіп оның рұқсат етуімен емтиханды МАК мәжілісінің келесі күні тапсырады.
- 4.37 ҰТЕО шеңберінде бірінші кезеңнің нәтижесін шекті деңгейден төмен алған түлектер екінші кезеңнен - дағдыларды бағалаудан өтуге жіберілмейді. Түлек тестілеу кезінде тест сұрақтарына тікелей шағымдануға құқылы. Ол үшін экранның төменгі жиегінде орналасқан «Апелляция» батырмасын басу және ұсынылғандардан апелляцияның себебін таңдау қажет. Тестілеу аяқталғаннан кейін экранда тестілеу нәтижесі және апелляцияға берілген сұрақтар көрсетіледі. Апелляцияға беруді аяқтау үшін «Апелляцияға жіберу» батырмасын басу қажет.
- 4.38 Түлек апелляция беру себебінің негіздемесін көрсете отырып, Республикалық апелляциялық комиссия төрағасына өтініш жазу арқылы дағдыларды ҰТЕО шеңберінде бағалау нәтижесіне шағымдануға құқылы. Түлектің апелляциялық өтінішіне түлектің машықтарды бағалаудан өту барысындағы аудио және бейнежазбасы қоса беріледі. Түлектердің кәсіби дайындығын бағалау нәтижесі екі кезеңнің балдарынан жинақталады және орташа арифметикалық сан ретінде шығарылады. Апелляция қоса есептелген нәтижелер бітірушілерге БАЖ (бағалаудың ақпараттық жүйесі) жеке кабинетінде ұсынылады және апелляциялық комиссияның отырысы аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде бағалау нәтижелерінің жиынтық хаттамасы түрінде денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарына ұсынылады.
- 4.39 Апелляцияны өткізу үшін біліктіліктері мамандық бейініне сай келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады.
- 4.40 Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МАК мәжілісінің хаттамасы қайтадан рәсімделеді. Бұл кезде бірінші хаттаманың нәтижелері «Баға __ беттегі __ күнгі № __ хаттамамен қайта қаралды» деген жазумен жабылып, оған барлық МАК мүшелері қол қояды.
- 4.41 «Жалпы медицина» және «Стоматология» білім беру бағдарламалары бойынша 5 курс білім алушылары үшін қорытынды мемлекеттік аттестаттау тапсыру кезінде апелляция көзделген.
- 4.42 Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың нәтижесімен келіспеген білім алушы факультет деканатына МҚА өткізіліп, нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күні сағат 11.00-ден кешіктірмей апелляцияға береді.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 37-беті

- 4.43 Апелляция МҚА-дан кейін және емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күні сағат 12.00-ден 15.00-ге дейін жүргізіледі. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделіп, оның негізінде емтихан ведомосы жасалады.
- 4.44 Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін денсаулығы туралы МАК-қа ұсынылған құжаттар қарастырылмайды.
- 4.45 Мемлекеттік емтиханды жоғары бағаға көтермелеу мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
- 4.46 Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы университеттен «білім бағдарламасының талаптарын орындамаған» тұлға ретінде Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен шығарылады.
- 4.47 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген тұлға келесі оқу жылында, қорытынды мемлекеттік аттестаттау басталудан бір ай бұрын мерзімде университет Басқарма төрағасы-Ректордың атына қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жіберу туралы өтініш жазады.
- 4.48 Оқуға қайта қабылдау және қорытынды мемлекеттік аттестаттауды қайталап тапсыруға рұқсат Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен рәсімделеді.
- 4.49 Қайта қорытынды мемлекеттік аттестаттау бұрынғы қорытынды аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алынған кезеңдер бойынша ғана тапсырылады.
- 4.50 Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен және жоғарғы білім берудің тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергендігін растаған білім алушыларға МАК шешімімен «бакалавр» академиялық дәрежесі немесе сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша маман біліктілігі беріледі және қосымшасы бар мемлекеттік үлгідегі диплом/интернатураны аяқтағандығы туралы куәлік ақысыз табысталады.
- 4.51 Оқу пәндері және оқу жұмысының басқа да түрлері бойынша қорытынды бағалары А, А- («өте жақсы»), В-, В, В+, С+ («жақсы»), үлгерімнің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаған кезде, сондай-ақ МҚА-ны А, А- («өте жақсы») бағаларына тапсырған жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыға үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда). Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді. Егер үздік диплом алуға үміткердің академиялық адалдықты бұзу фактісі болса, үздік диплом берілмейді.
- 4.52 МАК жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы білім алушылардың қорытынды аттестатталуы туралы есеп әзірлейді, ол бір ай ішінде талқыланып, университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітіледі.
- 4.53 МАК хатшысы МАК отырысының хаттамасын толтыруды, сондай-ақ мемлекеттік үлгідегі құжаттарға қол мен мөртаңба қоюды қамтамасыз етеді.
- 4.54 Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған білім алушы транскрипт пен анықтама беріле отырып, оқуын аяқтамаған ретінде Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен университеттен шығарылады.
- 4.55 Жоғарғы білім берудің оқу бағдарламаларын бітірген ЖОО түлектерінің тегі, аты-жөндері, әкесінің аттары (болған жағдайда), мамандықтары, берілген дипломдардың номерлері көрсетілген, Басқарма Төрағасы-Ректордың қолы қойылған тізімі білім беру саласындағы құзырлы органға бұйрық шығарылғаннан бастап бір ай мерзім ішінде тапсырылады және университет сайтында жарияланады.
- 4.56 Білім алушылардың тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша оқу жетістіктері деңгейлік модель мен ECTS (иситиэс) және дәстүрлі шкалаға аудармасына сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады.
- 4.57 Тілді меңгерудің деңгейі мен сипаттамасы шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне (ЖЕК) сәйкес келеді (A1, A2, B1, B2, C1, C2).

Білім алушылардың деңгейлік модель мен ECTS-ке және дәстүрлі бағалау шкаласына аудармаға сәйкес шет тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпыеуропалық	Әріптік жүйе	ECTS	Балдың сандық	%	Бағалардың дәстүрлі шкаласы
----------------	--------------	------	---------------	---	-----------------------------



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ

Күні:
23.08.2023


Басылым:
сегізінші

Академиялық саясат

С БҚМУ
23-09

53 беттің
38-беті


күзiреттiлiктер (мұнан әрi ЖЕК) бойынша тiлдi меңгеру деңгейi мен сипаттамасы	бойцынша баға	(иситиэс) бойынша баға	эквиваленті	мөлшері	
A1, A2, B1, B2, C1, C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 39-беті</p>

3-тарау. РЕЗИДЕНТУРА

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ


- 1.1 Резидентурадағы білім беру бағдарламасы қазіргі заманғы медицинаның шынайы қажеттіліктері ескеріле отырып құрылған және ол білім алушылардың бойында ғылыми негіздерді қолдана отырып, медициналық зерттеулердің дағдыларын дамытуға бағытталған.
- 1.2 Резидентураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім берудің мазмұнын анықтайтын оқу, клиникалық және ғылыми жұмыстардың әрқилы түрлерінен тұрады және оның арақатынасын, өлшемі мен есепке алынуын көрсетеді.
- 1.3 Резидентурада оқу ұзақтығы Типтік оқу жоспарларында көрсетілген мерзімдерге сәйкес келеді.
- 1.4 Резидентурадағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құралдарының (резидентураның мамандық бойынша модульдік білім беру бағдарламасы, пәндер силлабустары, бақылау-өлшеу құралдары) негізінде жүзеге асырылады.
- 1.5 Резидентураның тиісті бейінді бағыттардағы білім беру бағдарламасын игеру үшін қажетті пререквизиттер тізімін Академиялық комитет анықтайды.
- 1.6 Таңдау компоненттері тізімі жұмыс берушілердің мүдделеріне және еңбек нарығының сұраныстарына байланысты анықталады.
- 1.7 Резидентурада оқыту таңдау негізінде мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.
- 1.8 Білім беру қызметін ұйымдастыру академиялық оқу үдерісін жоспарлау мен клиникалық дағдыларды меңгеру арқылы жүзеге асырылады.
- 1.9 Оқу үрдісін ұйымдастыру академиялық күнтізбе және жұмыс оқу жоспарлары арқылы жүзеге асырылады.
- 1.10 Барлық жұмыстардың еңбек сыйымдылығын есепке алу игерілген материал көлемімен жүзеге асырылып, академиялық сағаттармен немесе кредиттермен өлшенеді. Резидентура тыңдаушылары мен оқытушылардың нақты білім беру нәтижелеріне жету үшін қажетті еңбек шығындарын өлшеудің бірлігі болып табылатын бір кредит 30 академиялық сағатқа тең.
- 1.11 Резидентураның білім беру бағдарламасының құрамы:
 - бейінді пәндерді меңгеруді қамтитын теориялық білім беру;
 - жергілікті және аймақтық клиникалық базалардағы клиникалық оқыту;
 - әрбір пән/модуль аяқталғаннан кейін жүргізілетін қорытынды бақылау;
 - оқу жылының ортасында кафедра мәжілісінде қаралатын және академиялық кезең немесе оқу жылы аяқталғаннан кейін кафедрааралық клиникалық комиссияда қаралатын резидентура бағдарламалары бойынша аралық аттестаттау;
 - оқу бағдарламасын игеру аяқталғаннан кейінгі ҰТЕО қатысуымен өтетін қорытынды мемлекеттік аттестаттау.
- 1.12 Бағдарламаның бейінді пәндер циклы медициналық бейіндегі мамандардың кәсіби қызметіндегі өзекті міндеттерді шешу үшін қажетті клиникалық білімдер мен біліктерді қалыптастыруға, халыққа медициналық көмек көрсету кезінде емделушілермен және денсаулық сақтау саласының өзге де мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасауға, клиникалық ойлауды дамытуға, дәлелді медицина принциптеріне негізделген шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.
- 1.13 Тиісті клиникалық базаның және клиникалық тәлімгерлердің болуы клиникалық пәндер бойынша білім беру үдерісін қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады.
- 1.14 Оқу барысында резидентура тыңдаушылары мамандық бойынша теориялық білімдер алады, практикалық дағдыларды меңгереді және ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі принциптерін игереді.
- 1.15 Оқу жоспарлары типтік (мұнан әрі ТОЖ), жеке (ЖекеОЖ) және жұмыс (ЖОЖ) жоспарлары болып бөлінеді. Оқу жоспарларының барлық формаларында оқу пәндерін кодтаудың бірыңғай жүйесі пайдаланылады. Әрбір оқу пәнінің қайталанбайтын өзіндік атауы болады.
- 1.16 Резидентура бойынша жұмыс оқу жоспарлары (ЖОЖ) мамандықтардың ТОЖ-ы, дәрігер резиденттердің ЖекеОЖ-ы негізінде әзірленеді және Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 40-беті


- 1.17 Жұмыс оқу жоспарларында оқу жылына арналған пәндердің тізімі, олардың академиялық сағаттармен (кредиттермен) көрсетілген еңбек көлемі, оқылу реті, оқу сабақтарының түрлері және бақылау формалары (емтихан, аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау) анықталады.
- 1.18 Жұмыс оқу жоспары сабақ кестелерін құрастыру мен профессорлық- оқытушылық құрамның (ПОҚ) жұмысының еңбек көлемін есептеуге негіз бола алады.
- 1.19 Жыл сайын білім беру ұйымы тарапынан типтік оқу жоспарына қосымша элективті пәндер каталогі (ЭПК) әзірленеді, ол еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, резидентураның білім беру бағдарламасын игеру шамасына қарай клиникалық кафедралардан берілген өтінімдер негізінде қалыптастырылады.
- 1.20 ТОЖ мен ЭПК негізінде резидентура тыңдаушысы куратордың көмегімен барлық оқу мерзіміне 2 дана жеке оқу жоспарын құрастырады: бір данасы резиденттің жеке іс қағазында сақталып, оқу бағдарламасының орындалуы мен меңгерілуін бақылауға негіз болады, ал екіншісі кафедрада сақталады.

2. РЕЗИДЕНТУРАДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 2.1 Резидентурада оқыту базалық және жоғары медициналық білім берумен (бакалавриат, интернатура) және таңдалған ББ бойынша үздіксіз медициналық білім берумен сабақтастықта жүргізіледі.
- 2.2 Университет резидентурада даярлауды мына негіздерге сәйкестендіре жүргізеді:
- Біліктіліктердің салалық шеңберіне;
 - Резидентура мамандықтарының МЖМБС, типтік кәсіби бағдарламаларына және типтік оқу жоспарларына;
 - Жұмыс оқу жоспарларына;
 - Академиялық күнтізбелерге;
 - Дәрігер резиденттің жеке жұмыс жоспарларына.
- 2.3 Дәрігер резиденттерге теориялық оқыту бойынша академиялық куратор және тәжірибелік оқыту бойынша клиникалық тәлімгер тағайындалады. Академиялық куратор клиникалық тәлімгер қызметін де қоса атқара алады.
- 2.4 Дәрігер резиденттерді клиникалық базада оқыту дуальді оқытуға бағдарланған. Дәрігер резиденттердің клиникалық дағдыларды меңгеруі үшін оларға мамандықтар бейіні бойынша 5 жылдан кем емес практикалық жұмыс тәжірибесі бар, жоғары немесе бірінші дәрігерлік санатқа ие тәлімгерлер жетекшілік етеді.
- 2.5 Академиялық куратордан басқа резидентке клиникалық тәлімгер тағайындалады. Кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, бірінші немесе жоғары біліктілік санаты бар, базалық педагогикалық құзыреті бар не оларды игеруді жоспарлаған, ұжымда құрметке ие маман клиникалық тәлімгер бола алады.
- 2.6 Клиникалық тәлімгерлерді практикалық денсаулық сақтау басшысы ұсынады немесе аймақта университет филиалы болса, дәрігер резиденттің тәлімгер дәрігерге бекітілуі және филиал директорымен келісілуі тиіс. Клиникалық тәлімгер Университеттің Басқарма төрағасы- Ректорының бұйрығымен және барлық тараптардың ерікті келісімі негізінде тағайындалады. Тәлімгерлік мерзімі 1 жыл мерзімге дейін жеке белгіленеді.
- 2.7 Тәлімгерлік жұмысты жүргізуші тәлімгерге үш-бес резиденттен артық бекітілмейді.
- 2.8 Емдеу базаларында тәлімгерлерді бекіту резиденттерге клиникалардағы заманауи жабдықтармен және медициналық құралдармен күнде жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Тәлімгерлер жас мамандарды дайындау ісіне белсенді қатынасып, жас маманға кәсіби шеберліктің жинақталған тәжірибесін береді, жұмыстың ең тиімді және алдыңғы қатарлы әдістеріне үйретеді. Клиникалық тәлімгер жас маманның қабілеттерін, бағыттарын, қызығушылықтарын, ұжыммен арақатынасын және т.б. түпкілікті зерттеп, резиденттің кәсіби және тұлғалық қалыптасу жолында оның серігі болып, өз тәжірибесімен, білімімен бөліседі, өз шәкіртіне тиімді және нәтижелі тәсілмен қолдау көрсетеді, оның өз бетімен жұмыс жасау қабілетін қалыптастырады.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 41-беті

- 2.9 Бағдарламаны игеру барысында дәрігер резиденттерге түрлі деңгейдегі клиникалық базаларға немесе «төменнен жоғары» ауысуға (аудандардың, қалалардың, облыс орталықтарының емдеу мекемелеріне, республикалық клиникаларға немесе ғылыми клиникалық орталықтарға) модульдерді немесе жекеленген пәндерді меңгеру мақсатында шығуына рұқсат етіледі. Клиникалық базаларда дәрігер резиденттер клиникалық тәлімгерлерге бекітіліп беріледі, бұл ретте резидентура бағдарламасының теориялық бөлігін меңгеру Университет оқытушыларының көмегімен қашықтан оқыту арқылы жүргізіледі.
- 2.10 Көшпелі резидентураны ұйымдастыру кезінде кафедра клиникалық базаны, өңірді және клиникалық тәлімгерді, шығу мерзімдерін көрсете отырып, деканатқа баяндау хат жазады. Деканат резидент дәрігерлердің шығуы үшін университет бойынша бұйрық рәсімдейді. Резидент дәрігер шығарылған бұйрыққа сәйкес келмейтін мерзімде кеткен немесе қайтып келген жағдайда кафедра деканатқа хабарлауға міндетті.
- 2.11 Клиникалық тәлімгерлер көшпелі резидентура мерзіміне қарастырылған пәндер көлемінде практикалық дағдыларды игеруді қамтамасыз етеді; академиялық куратормен жүйелі байланыста болады және дәрігер резиденттердің білімдерін бағалап, оларды электронды журналға қоюға қатынасады. Дәрігер резиденттердің бағаларын электронды журналға тіркеу мерзімі аптасына 1 реттен кем емес. Жекеленген жағдайларда бағдарламаның пәндері/модульдері бойынша бағаларды тіркеуге болады.
- 2.12 Клиникалық тәлімгердің тәлімгерлігі кезеңінде клиникалық тәлімгердің қызметтеріне ақы төлей отырып, резидентура бағдарламасы бойынша оқыту туралы үшжақты Типтік келісімшарт рәсімделеді.
- 2.13 Клиникалық тәлімгер дәрігер резиденттің практикалық дағдыларды игергені туралы чек парағын толтырады. Қажет болған жағдайда тәлімгер кәсіби шеберлікті одан әрі арттыру бойынша нақты ұсыныстар береді.
- 2.14 Республикалық бюджет бойынша оқитын дәрігер резиденттер объективті себептері болған жағдайда ҚР ДСМ ҒАРД хабардар етіле отырып, бір ББ-дан екіншісіне ауыстырылуы мүмкін. Келісімшарт юойынша білім алушыларды бір мамандықтан екіншісіне ауыстыру білім алушының өтініші бойынша, келісім шарттың «тапсырыс берушілерінің» жазбаша өтініші бойынша жүргізіледі.
- 2.15 Дәрігер резиденттер оқу кезінде жеке оқу жоспарын орындайды; тиісті пәндер бойынша білім беру бағдарламасында қарастырылған тиісті пәндер бойынша теориялық білім және практикалық дағдылар бойынша тапсырмалар енгізілген 2 кезеңдік емтихандар тапсырады; аралық жылдық (көшіру) аттестаттау кезінде кафедраның мәжілісінде жылына кем дегенде 2 рет, резидентура бағдарламасы бойынша кафедрааралық клиникалық комиссияның (КАКК) мәжілісінде жеке оқу жоспарының орындалуы туралы есеп береді; аттестаттау мәліметтері жеке портфолиоға енгізіледі және келесі оқу жылына көшіру барысындағы критерий болып табылады.
- 2.16 Мемлекеттік білім беру грантымен оқитын білім алушылар белгіленген тәртіпте шәкіртақымен қамтамасыз етіледі. Шәкіртақылар олар оқуға қабылданған күннен бастап және оқудың барлық кезеңіне есептеледі.
- 2.17 Дәрігер резиденттің аудиториялық жұмысы 20% және резиденттің тәлімгермен немесе клиникалық кафедра оқытушысымен бірге өзіндік жұмысы (РОӨЖ) - 70%, резиденттің өзіндік жұмысы (РӨЖ) 10% құрайды, бұл резидентура мамандықтары бойынша жұмыс оқу жоспарларын құрастыру кезінде және сабақтардың оқу кестелерін құрастыру кезінде сақталады.
- 2.18 Дәрігер резиденттер үшін бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес түнгі уақытта кезекшілік белгіленеді. Дәрігер резидент кезекшілігінің басталуы мен аяқталуы тиісті клиникалық базадағы кезекші дәрігердің түнгі кезекшілігінің басталуы мен аяқталуының нормативтеріне сәйкес келеді. Резидент дәрігер айына кемінде 2 кезекшілікті өтеуі тиіс. Резидент дәрігер түнгі кезекшіліктен кейін пациенттер жайлы таңертеңгі дәрігерлік конференцияда баяндауға міндетті. Түнгі кезекшілік мүмкін болмаған жағдайда (жүктілік немесе 3 жасқа дейінгі балалары болса) резидент дәрігер күндіз кезекшілік етіп, таңертеңгі дәрігерлік конференцияда пациенттердің жағдайын міндетті түрде


	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 42-беті</p>

баяндауға міндетті. Тиісті аптаға жиынтық баға қою кезінде чек-парақта көрсетілген түнгі кезекшілік үшін бағалау ескеріледі.


- 2.19 Дәрігер-резиденттерге жыл сайын академиялық жылдар арасында ұзақтығы қолданыстағы МЖМБС-пен анықталатын каникул беріледі.
- 2.20 Дәрігер резиденттер резидентураның білім беру бағдарламасын меңгеруді емдеу мекемелеріндегі 0,5 ставкадағы жұмыспен бірге атқаруға құқылы, алайда бұл оқу үдерісіне теріс әсер етпеуі тиіс.

3. АҒЫМДЫҚ, МЕЖЕЛІК ЖӘНЕ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

- 3.1 Ағымдық бақылауды клиникалық базадағы оқытушы, клиникалық тәлімгер жүзеге асырады.
- 3.2 Ағымдық бақылаудың формасы мен мазмұнын кафедра анықтап, ол пәндердің оқу-әдістемемелік кешеніне енгізіледі.
- 3.3 Ағымдық бақылау қорытындысы негізінде пән бойынша аралық бақылауға рұқсат беру рейтингі есептеледі (резидентураның пилоттық бағдарламаларын қоспағанда).
- 3.4 Резиденттердің оқу нәтижелері 100 балдық шкаламен есептеледі, орташа бағасы «Платонус» ААЖ аптасына бір рет (жұма күні) тіркеледі. Оқу жетістіктерін білім алушыларды Ақтөбе қаласының және өңірлердің клиникалық базаларында шоғырландыратын жекеленген мамандықтар резидентурасының білім бағдарламаларын игеру кезінде пән/модуль аяқталғаннан кейін бір рет тіркеуге рұқсат етіледі.
- 3.5 Пән бойынша межелік бақылаулардың саны саны: 4 кредитке 1 межелік бақылаудан келеді, бірақ бір пәнге 4 межелік бақылаудан артық емес (бұл тарау резидентураның пилоттық бағдарламасын жүзеге асырған жағдайда есепке алынбайды). Межелік бақылау 2 кезеңмен жүргізіледі: теориялық білімдері (50%) мен практикалық дағдыларын бақылау (50%).
- 3.6 Білім беру бағдарламасының әрбір пәнін меңгеріп болғаннан кейін білім алушы формасы силлабуста көрсетілген емтихан тапсырады. Резиденттерге тест тапсырмалары түрінде берілетін бақылау-өлшеу құралдары бір академиялық кезеңде (оқу жылында) бір пәнге 600 тест тапсырмасы мөлшерінде құрастырылады. Тест тапсырмалары күрделілік деңгейлері бойынша бөлінеді: I деңгей (есте сақтау, жаңғырту) - 10%, II деңгей (түсіну) – 40%, III деңгей (қолдану) – 50%. Кафедра дәрігер резиденттердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларынан басқа, кафедралар жазбаша және ауызша емтихандарға клиникалық жағдайлары бар билеттер әзірлейді
- 3.7 Пән бойынша ағымдағы емтихан немесе модульден нәтиже Fx болған жағдайда резидент дәрігер 5 жұмыс күні ішінде қайта тапсыруға міндетті.
- 3.8 Алдыңғы оқу мерзімі бойынша GPA көрсеткіштері 2,87-3,0 болған жағдайда, егер вакансия болса, резидент ақылы білім алудан грант негізінде білім алуға үміткер бола алады, ол үшін білім беру бағдарламаларының топтары, оқыту нысандары мен мерзімдері бөлінісі және түсу жылы сәйкес келуі керек.
- 3.9 Резидентура бағдарламаларын меңгерудегі аралық бақылау пәндер/модульдер бойынша ағымдағы емтихандар және оқу жылдары арасындағы көшірудің клиникалық емтиханы (аралық жылдық аттестаттау) түрінде көрінеді. Көшірудің клиникалық емтиханына немесе аралық аттестаттауға барлық пәндер/модульдер бойынша тапсырған емтихандардан 50% және онан да жоғары жіберу рейтингтері бар, сонымен бірге ЖОЖ бойынша есепті академиялық мерзім ішінде клиникалық дағдыларды меңгеруді 70% кем емес орындаған білім алушылар жіберіледі. Рұқсат беру кафедра мәжіліс хаттамасынан үзіндімен рәсімделеді.
- 3.10 Әрбір оқу пәні/модуль бойынша емтиханды өткізу формасы мен тәртібін кафедра оқу жылы басталғанға дейін анықтайды, ол силлабуста көрсетіледі.
- 3.11 Дәлелді себептері болса (растайтын құжаттар болған кезде науқастануы, отбасы жағдайлары, объективті себептері бойынша), резидент дәрігерге емтиханды жеке кестемен резидентура бойынша жауапты тұлғаның өкімі негізінде тапсыруға рұқсат етіледі.
- 3.12 Аралық жылдық аттестаттау мынадай бақылау нысандары бойынша жүргізіледі: науқастың төсегінде, ОҚКЕ, ОҚПЕ, клиникалық есептер, ПДО-да муляждар мен манекендерде және т. б.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 43-беті


- 3.13 Транскриптке дәрігер резиденттің қайта тапсырылған емтихан нәтижелерімен қоса, барлық қорытынды бағалары жазылады.
- 3.14 Жеке жұмыс оқу жоспарының талабын орындамаған және 2,87 рейтингтік ауысу балын жинамаған резидент дәрігерлер жазғы семестрсіз ақылы негізде қайта оқу жылына қалады. Көшіру (жылдық) аттестаттаудан өтпеген резидент дәрігерлер жазғы семестрсіз қайта оқу жылына ақылы негізде қалады. Бұндай жағдайда резидент дәрігер берілген гранттан айырылады және одан әрі оқу өз қаражаты есебінен орындалады. Резидент дәрігерлерге қосымша кезекшілігі, ғылыми жетістіктері болған жағдайда, кафедраның шешімімен көшіру рейтингін есептеу кезінде бонустық балл қосылады.
- 4. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ МЕН РЕЗИДЕНТУРАНЫ АЯҚТАҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ КУӘЛІК БЕРУ**
- 4.1 Резиденттерді даярлау бойынша білім беру үдерісінің аяқталуының негізгі критерийі болып резиденттің резидентура бағдарламасын МЖМБС, ТОЖ және Университеттің ЖОЖ-ына сәйкес меңгеруі және дәрігер резиденттердің қорытынды аттестаттаудан сәтті өтуі табылады.
- 4.2 Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспарларының, жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру үдерісін толық аяқтаған және оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша GPA-2,87 жеткен дәрігер резиденттер жіберіледі.
- 4.3 Жұмыс және жеке оқу жоспарларының, жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған және оқу жетістіктерінің көрсеткіші GPA – 2,87 деңгейіне жетпеген дәрігер резиденттер жазғы семестрді өтпей, қайталап оқу жылына қалады. Қайта оқу жылы ақылы негізде ұйымдастырылады.
- 4.4 Дәрігер резиденттерді қорытынды аттестаттау екі кезеңдік емтихан түрінде жүргізіледі. Қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың 1-кезеңін қанағаттанарлықсыз бағаға тапсырған резидент 2-кезеңді тапсыруға жіберілмейді.
- 4.5 Қорытынды аттестаттауды Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен Қорытынды аттестаттау комиссиясы қабылдайды.
- 4.6 Дәрігер резиденттерді қорытынды аттестаттау басталғанға дейін резидентура бойынша жауапты құрылымдық бөлімнің жетекшісі ҚА комиссиясының назарына дәрігер резиденттің жеке оқу жоспарын орындағандығы, барлық пәндерден алған бағалары, оқу мерзімі ішіндегі орташа GPA бағасы көрсетілген анықтама ұсынады.
- 4.7 Қорытынды аттестаттау нәтижесі теріс ("қанағаттанарлықсыз") болған жағдайда резидентура бағдарламасының түлегі қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша белгіленген мерзімдерде ағымдағы оқу жылында бір рет қайтадан қорытынды аттестаттауға жіберіледі. Қайта аттестаттау кезінде теріс нәтиже болған жағдайда резидентура түлегіне ҚР Білім туралы Заңының 39-бабының 6-тармағына сәйкес мамандық бойынша толық курсты аяқтағаны туралы анықтама беріледі.
- 4.8 Резидентурада оқуды аяқтаған дәрігер резиденттерге мемлекеттік үлгідегі құжат – резидентураны бітіргендігі туралы куәлік беріледі.
- 4.9 Резидентураның оқу бағдарламаларын бітірген түлектердің тегі, аты-жөндері, әкесінің аттары (болған жағдайда), білім беру бағдарламалары және берілген дипломдардың нөмірлері көрсетілген, Басқарма төрағасы-Ректордың қолы қойылған тізім білім беру саласындағы құзырлы органға бұйрық шығарылғаннан бастап бір ай мерзім ішінде тапсырылады және университет сайтында жарияланады.
- 4.10 Толтырылған, бірақ түлектер алмаған резидентураны бітіру туралы куәліктер 1 жыл бойы сақталады, сонан кейін олар иесінің жеке іс қағаздарына тіркеліп, тұрақты сақтауға мұрағатқа тапсырылады.
- 4.11 Резидентурада оқуын аяқтаған дәрігер резиденттерге резидентураны аяқтағандығы туралы куәлік беру кезінде еңбек кітапшаларына мамандық бойынша резидентурадан өткендігі туралы жазылады. Резидентурада оқу мерзімі маман дәрігердің еңбек өтіліне есептеледі.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 44-беті</p>


4-тарау. МАГИСТРАТУРА, ДОКТОРАНТУРА

1. МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ. МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ


- 1.1 Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы олардың мазмұнын анықтайтын екі бөліктен тұрады: білім беру және ғылыми.
- 1.2 Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламасы мына бөліктерден тұрады:
 - міндетті компоненттің және таңдау компонентінің базалық және бейіндік пәндерінің циклдерін қамтитын теориялық оқыту;
 - практиканың әр түрін, ғылыми және кәсіптік тағылымдамалардан тұратын практикалық даярлық;
 - ғылыми-педагогикалық магистратура/докторантура үшін қажетті магистрлік/докторлық диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмыстары және бейінді магистратура үшін қажетті магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименталды-зерттеушілік жұмыстар;
 - қорытынды аттестатау.
- 1.3 Бейінді бағыт магистрінің, резиденттің PhD докторантураға түсуі кезінде оған қосымша пререквизиттер ретінде жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-педагогикалық магистратурасының педагогикалық профиліндегі білім беру бағдарламасы белгіленеді. Қажетті пререквизиттер тізбесі мен оларды меңгеру мерзімдерін ЖОО өзі анықтайды. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.
- 1.4 Білім беру бағдарламаларының тізбесі мен мазмұны ұлттық, салалық біліктілік шеңберлері (ҰБШ және СБШ), кәсіптік стандарттар және кәсіптік даярлау бойынша білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыру қағидаттары, магистратура мен докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың тәжірибесі негізінде әзірленеді.
- 1.5 Базалық (бұдан әрі – БП) және бейінді (бұдан әрі – БП) пәндер циклдері ЖОО компонентінің (бұдан әрі – ЖК) және таңдау компонентінің (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды.
- 1.6 ЖОО компоненті мен таңдау компоненті пәндерінің тізбесін ЖОО дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің күтулері, магистранттардың қажеттіліктері мен мүдделері ескеріледі.
- 1.7 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламаларының БП циклінің ЖОО компонентіне «Ғылым тарихы мен философиясы», «Шет тілі (кәсіби)», «Жоғары мектеп педагогикасы», «Басқару психологиясы» пәндері, бейіндік бағыт үшін – «Менеджмент», «Басқару психологиясы», «Шет тілі (кәсіби)» пәндері кіреді».
- 1.8 Жоғары оқу орындары пәнаралық сипатқа ие БП циклінің ЖК пәндері бойынша интеграцияланған бағдарламалар әзірлейді.
- 1.9 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 29%-ын немесе 35 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде 57% немесе 20 академиялық кредит ЖК-ге беріледі.
- 1.10 Бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 17%-ын немесе 10 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 15 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 60% немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40% немесе 6 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.
- 1.11 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі 41% немесе магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 49 академиялық кредитті құрайды.
- 1.12 Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі ЖОО-ның қалауы бойынша магистратураның ЖК мен ТК арасында бөлінетін білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 42% немесе 25 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және 40% немесе 45 академиялық кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрайды.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 45-беті

- 1.13. Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен 45 академиялық кредитті құрайды және ЖОО компоненті (бұдан әрі – ЖК) және таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін, практиканы қамтитын базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндік пәндер циклдерінен тұрады. Бұл ретте базалық пәндер мен бейіндік пәндер көлемінің арақатынасын ЖОО дербес айқындайды.
- 1.14. ТК пәндерінің тізбесін ЖОО дербес анықтайды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің күтулері, докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделері ескеріледі.
- 1.15. Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдетте, кадрлар даярлауды бірқатар білім салаларының тоғысуында қамтамасыз ететін пәнаралық және көпсалалы сипатқа ие.
- 1.16. Білім беру мазмұнын, оқу үдерісін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлауды ЖОО кредиттік оқыту технологиясы негізінде дербес жүзеге асырады.
- 1.17. Магистранттың оқу жүктемесінің көлемі оның оқу жылы ішінде әрбір оқу пәні немесе оқу жұмысының түрі бойынша меңгерген кредиттерімен өлшенеді.
- 1.18. Магистратураның/докторантураның МЖМБС, Типтік кәсіптік оқу бағдарламасында міндетті компоненттің әрбір оқу пәнінің және оқу жұмысының әрбір түрінің (магистранттың/докторанттың практикасының, ғылыми-зерттеу жұмысының, эксперименттік-зерттеу жұмысының (бұдан әрі – МҒЗЖ/МЭЗЖ, ДЭЗЖ/ДҒЗЖ) еңбек сыйымдылығы, кредиттер бойынша магистрлік/докторлық диссертация жазу және қорғау анықталады, ал оқу пәндерінің әрбір циклі бойынша таңдау компоненті кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.
- 1.19. Таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесін қамтитын элективті пәндер каталогы (ЭПК) қосымша жасалады.
- 1.20. Элективті пәндер каталогінде әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерін көрсетіледі. ЭПК магистранттарға/докторанттарға элективті оқу пәндерін балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- 1.21. Оқу үдерісін жоспарлау МЖМБС, жұмыс және жеке оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың және өткізудің мазмұнын, тәсілін жоспарлауды университет оқытудың кредиттік технологиясы негізінде дербес іске асырады.
- 1.22. Бір оқу жылы шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастыру жұмыс оқу жоспары мен академиялық күнтізбе негізінде жүргізіледі. Оқу жұмыс жоспары нақты дайындық бағыты бойынша оқу үдерісінің күрделілігі туралы жалпы ақпаратты қамтиды.
- 1.23. Магистранттың жеке жұмыс жоспары (бұдан әрі - ЖекеЖЖ) әрбір магистранттың оқу жүктемесі (ЖОЖ), практикалар туралы, магистрлік диссертацияны, ғылыми жарияланымдарды, тағылымдамаларды орындау жоспары туралы ақпаратты қамтиды және бүкіл оқу кезеңіне жасалады, Магистратура, докторантура және постдокторантура орталығының жетекшісі бекітеді.
- 1.24. Оқу жұмыс жоспарын Басқарма төрағасы-Ректор бекітеді. Академиялық күнтізбені Оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректор бекітеді.
- 1.25. Оқу жылы аралық аттестаттаудың, демалыстың, практиканың академиялық кезеңдерінен тұрады. Магистранттың/докторанттың оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы академиялық кезеңдерден – 15 аптадан тұратын семестрлерден, қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіру курсында) тұратындығына негізделеді.
- 1.26. Оқу жүктемесі магистрантқа/докторантқа оқу пәнін, модульді немесе магистратураның барлық білім беру бағдарламасын оқып-үйрену үшін және магистратура/докторантураның білім беру бағдарламасында белгіленген оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді.
- 1.27. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау барысында бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.
- 1.28. Білім алушының оқу жұмысының барлық түрлері бойынша оқытушымен байланыс жұмысы мен БӨЖ арасындағы уақыт арақатынасын университет анықтайды. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде 30%-ын құрайды.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 46-беті

- 1.29. Оқу жүктемесіне магистранттың/докторанттың барлық оқу жұмысына дәрістер, семинарлар, топтық сабақтар, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, практика, ғылыми немесе кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы, магистрлік/докторлық диссертацияны (жобаны) орындау, оқытушының жетекшілігімен жұмысты қоса алғанд өзіндік жұмыс кіреді.
- 1.30. Профессорлық-оқытушылық құрамның оқу жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттар бойынша жүзеге асырылады, бұл оқытушының білім алушылармен сабақ кестесі бойынша аудиториялық сабақтарда немесе оқу жұмысының басқа түрлері үшін жеке бекітілген кесте бойынша жұмыс уақытын білдіреді.
- 1.31. МЖМБС бойынша белгіленген мерзімде магистранттарға/докторанттарға ҚР ҒЖБМ №4 бұйрығының біліктілік талаптарына сай келетін ғылыми жетекшілер/консультанттар тағайындалады. Ғылыми жетекші/консультант пен зерттеу тақырыбы Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.
- 1.32. Магистратураның білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті 24 кредиттен (720 сағат) тұратын тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны (МҒЗЖ) орындауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі – МҒЗЖ) немесе 13 кредиттен (390 сағат) тұратын эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі - МЭЗЖ) құрылады.
- 1.33. Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми компоненті тағылымдамадан өтуді, ғылыми жарияланымдар жазуды, докторлық диссертация жазуды және қорғауды қоса алғанда, докторанттың ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік-зерттеу жұмысынан (бұдан әрі –ДЭЗЖ) қалыптастырылады. Докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 123 академиялық кредитін құрайды.
- 1.34. МҒЗЖ/ДҒЗЖ шеңберінде инновациялық технологиялармен және жаңа түрлерімен танысу үшін магистранттың/докторанттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өтуі көзделеді.
- 1.35. МҒЗЖ/ДҒЗЖ оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жекелеген кезеңге жоспарланады.
- 1.36. Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант/докторант жеке жұмыс жоспарын орындау бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Академиялық аттестаттаудан өткізу рәсімін университет дербес айқындайды.
- 1.37. Білім алушылар академиялық ұтқырлық, тағылымдама бағдарламалары бойынша немесе денсаулық жағдайы бойынша, шетелдік іссапарларды қоспағанда, академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде оқу және бақылау іс-шараларының, практикалардың барлық түрлерін қатаң орындауға міндетті. Аталған жағдайларда білім алушылар оқу және бақылау іс-шараларын, практикаларды Халықаралық жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының өкіміне сәйкес жеке кесте бойынша орындайды.
- 1.38. Оқытушылар академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде оқу және бақылау іс-шараларының барлық түрлерін уақытылы жүзеге асыруға міндетті.
- 1.39. Білім алушылар бекітілген кестеге сәйкес оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысуға міндетті.
- 1.40. Білім алушылар ғылыми зерттеулер, практикалар мен тағылымдамалар жүргізуге, бітіру жұмысын ашық қорғауға дайындауға байланысты жұмыстардың барлық түрлерін ЖЖЖ мен академиялық күнтізбеге сәйкес қатаң түрде уақтылы сапалы орындауға жауапты.
- 1.41. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ББ іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібі, сондай-ақ ғылыми жетекшілерді/консультанттарды тағайындауға, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарын жүргізу рәсімдеріне қатысты мәселелер мынадай ішкі құжаттармен реттеледі: Магистратура туралы ереже; Докторантура туралы ереже; Магистранттар мен докторанттарды тағылымдамаға жіберу туралы ереже; Практикалар туралы ереже (магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша; Проблемалық комиссияда

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 47-беті


магистр және PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды алдын ала қорғауды (апробациялауды) жүргізу туралы ереже.

- 1.42. Сабаққа қатыспаудың дәлелді себептері ретінде - медициналық мекемеден шыққаннан кейін 3 күн ішінде жауапты құрылымдық бөлімшеге берілген денсаулық жағдайы туралы анықтамамен расталған медициналық айғақтар; іссапарға шығу туралы бұйрықпен расталған іссапарға шығу болуы мүмкін.
- 1.43. Магистратурада қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу және қорғау түрінде өткізіледі.
- 1.44. Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ретінде кемінде бір жарияланым және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияда бір баяндама жасалады.
- 1.45. Докторанттың ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері 8D10 «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету» (медицина) бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда – ClarivateAnalytics (Кларивейтаналитикс) компаниясының Journalcitationreports (Journalcitationreports) (JCR) мәліметтері бойынша белгілі бір квартильге кіретін басылымдарда немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдарда жарияланады.
- 1.46. Магистранттың/докторанттың ҒЗЖ және ЭЗЖ қорытындысы магистрлік/докторлық диссертация (жоба) болып табылады.
- 1.47. Докторантурада диссертация мынадай нысандардың бірімен ұсынылады:
 - 1) диссертациялық жұмыс;
 - 2) ClarivateAnalytics (Кларивейтаналитикс) компаниясының Journalcitationreports (ЖорналЦитэйшэнРепортс) деректері бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін басылымдарға жарияланған кемінде екі мақаладан және бір шолудан тұратын серия. Докторант мақалалардың бірінде немесе корреспонденцияда бірінші автор болып табылады.
- 1.48. Докторантурада қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемі бойынша 12 академиялық кредитті (10 апта) құрайды және докторлық диссертация жазу және қорғау нысанында жүргізіледі.
- 1.49. Магистратура бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі өлшемі ретінде білім алушылар игеруі тиіс:
 - 1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит;
 - 2) оқу мерзімі 1 жылдық бейінді магистратурада 60 академиялық кредит.
- 1.50. Философия докторларын (PhD) (бейіні бойынша доктор) даярлау жөніндегі білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі болып табылады.


2. МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАДА ПРАКТИКАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТУ

- 2.1. Ғылыми-педагогикалық магистратураның/докторантураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілетін практиканың екі түрін қамтиды:
 - 1) БП цикліндегі педагогикалық – ЖОО-да;
 - 2) КП цикліндегі зерттеу жұмыстарын – диссертацияны орындау орнында жүргізеді.
- 2.2. Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы КП цикліндегі өндірістік практиканы қамтиды.
- 2.3. Практиканың барлық түрлері бекітілген оқу жұмыс жоспарына, жеке жұмыс жоспарына сәйкес академиялық күнтізбемен айқындалатын мерзімдерде жүргізіледі.
- 2.4. Практикаларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі магистратура/докторантура бағдарламалары бойынша практикалар (педагогикалық, зерттеу, өндірістік) туралы Ережемен регламенттелген.


3. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУЫ

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 48-беті</p>

- 3.1. МЖМБС, магистратураның/докторантураның типтік кәсіптік оқу бағдарламасы және білім беру бағдарламалары тобы бойынша (ББТ) ЭПК негізінде магистрант/докторант ғылыми жетекшінің/консультанттың басшылығымен жеке оқу жоспарын (ЖекеОЖ) жасайды.
 - 3.2. ЖекеОЖ әрбір білім алушының жеке білім беру траекториясын айқындайды, ол кафедра отырысында талқыланады, магистратура және докторантура бағдарламаларын іске асыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы бекітеді.
 - 3.3. Жеке ОЖ-ға МЖМБС-тан міндетті компонент пәндері, магистратураның/докторантураның Типтік кәсіптік оқу бағдарламасынан және ЭПК-ден таңдау бойынша компонент пәндері енгізіледі.
 - 3.4. Білім алушы жұмыс оқу жоспары мен ЭПК талаптарына сәйкес оқу жоспары бойынша талап етілетін кредиттер санын жинай отырып, оның құрастырылуына және оқу курсы толтырылуы үшін жауапты болады.
 - 3.5. ЖекеОЖ, ЭПК формасы, құрастырылуы мен бекіту тәртібін ЖОО өз бетінше анықтайды.
 - 3.6. Өз ЖекеОЖ-ын құрастыру барысында білім алушылар:
 - оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен танысуы;
 - элективті оқу пәндеріне тікшелудің көрсетілген мерзімдерін сақтауы тиіс.
 - 3.7. Магистрант/докторант өзінің ғылыми жетекшісінің басшылығымен құрастырылатын жеке оқу жоспары негізінде білім алады.
 - 3.8. Магистранттың/докторанттың жеке жұмыс жоспары (ЖекеЖЖ) барлық оқу мерзіміне құрастырылады және мына бөлімдерді қамтиды:
 - ЖекеОЖ (қажеттігіне қарай әр жыл сайын нақтыланады);
 - ғылыми-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, есеп беру мерзімі мен формасы);
 - практика (бағдарламасы, базасы, мерзімдері мен есеп беру формасы);
 - негіздемесімен және құрылымымен диссертация тақырыбы;
 - диссертацияны орындау жоспары;
 - ғылыми жарияланымдардың, тағылымдамалардың жоспары.
 - 3.9. Білім алушылардың ЖекеЖЖ екі дана құрастырылады: оның біреуі – магистратура және докторантура бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлімшеге беріледі және білім алушының кәсіптік оқу бағдарламасын орындауы мен меңгеруіне бақылау жүргізуге негіз ретінде алынады, ал екіншісі - білім алушының өзіне беріледі.
- 4. МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРАДА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ**
- 4.1 Қорытынды аттестаттауға рұқсат алу үшін магистрант/докторант магистрлік/докторлық диссертацияны алдын ала қорғау рәсімінен өтуі тиіс. Диссертациялық жұмыстарды проблемалық комиссияға алдын ала қорғауға (апробациялауға) ұсыну тәртібі, алдын ала қорғау рәсімі Проблемалық комиссияда магистр және PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды алдын ала қорғау (апробациялау) жүргізу туралы ережеде егжей-тегжейлі сипатталған.
 - 4.2 Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес келетін білім беру үдерісін толықтай аяқтаған білім алушылар жіберіледі.
 - 4.3 Магистратура білім алушыларының магистрлік диссертацияларын/жобаларын қорғауы үшін университет жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясын (ҚАК) құрады. ҚАК төрағасы мен құрамы ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей ректордың бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде күшінде болады.
 - 4.4 Магистратура ББ бойынша ҚАК төрағасы болып ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар немесе философия докторы (бейін бойынша PhD/доктор немесе магистр академиялық дәрежесі бар адам немесе бітіретін мамандардың бейініне сәйкес келетін және осы ұйымда жұмыс істемейтін жоғары біліктілігі бар (бейіндік магистратура үшін) маман тағайындалады.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
	Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 49-беті

- 4.5 ҚАК мүшелерінің құрамына кіреді: магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша – бітіретін түлектердің бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар тұлғалар, болмаса академиялық дәрежесі бар жоғары білікті мамандар.
- 4.6 ҚА жұмысының кестесін магистратура және докторантура бағдарламаларына жауапты құрылымдық бөлім құрастырады, оны университеттің ОТЖ проректоры бекітеді және кесте назарға ҚА жұмысы басталардан екі апта бұрын ұсынылады. Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу тізім бойынша ректордың бұйрығымен қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей рәсімделеді және ҚАК-қа ұсынылады.
- 4.7 Магистрлік диссертацияны қорғауға рұқсат ғылыми проблемалық комиссияның төрағасы қол қойған магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну туралы ғылыми проблемалық комиссия отырысының шешімінен үзінді беру негізінде университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.
- 4.8. Жоғары оқу орны магистрлік диссертацияларды плагиатқа дербес тексереді.
- 4.9. Диссертациялық жұмыста қасақана плагиат анықталған жағдайда магистрант диссертацияны қорғауға жіберілмейді және белгіленген тәртіпте университеттен шығарылады.
- 4.10. Магистрлік диссертацияларды рецензиялауды біліктілігі қорғалатын магистрлік диссертацияның бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор немесе магистр академиялық дәрежесі бөгде ұйымдардың мамандары ғана жүзеге асырады.
- 4.11. Магистрант магистрлік диссертацияны ғылыми жетекшінің оң пікірі және қорғалатын диссертацияның бейініне сәйкес келетін маманның бір рецензиясы болған жағдайда қорғайды. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берсе, магистрант магистрлік диссертацияны қорғамайды. Білім алушы магистрлік диссертацияны қорғауға рецензенттің оң немесе теріс қорытындысы болған жағдайда да жіберіледі.
- 4.12. Магистрлік диссертацияны қорғау тәртібі мен рәсімі, магистрлік диссертацияның мазмұны мен ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптар «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура) туралы ережеде» көрсетілген.
- 4.13. Магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындық деңгейін, сондай-ақ ғылыми жетекшінің және рецензенттің пікірін ескере отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша бағалар қойылады.
- 4.14. Қорытынды аттестаттаудан теріс нәтиже («қанағаттанарлықсыз») алған жағдайда бітіруші қорытынды аттестаттау комиссиясы бекітетін мерзімде анықталған ескертулер жойылғаннан кейін қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша ағымдағы оқу жылында бір рет қайта қорытынды аттестаттауға жіберіледі. Қорытынды аттестаттауды қайта тапсырған кезде теріс нәтиже алған түлекке («қанағаттанарлықсыз») «Білім туралы» Заңның 39-бабының 6-тармағына сәйкес мамандық (кәсіп) бойынша толық оқу курсы аяқтағаны туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.
- 4.15. Магистратурадағы МАК жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы магистранттардың қорытынды аттестатталуы туралы есеп әзірлейді, университет Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітіледі.
- 4.16. Қорытынды аттестаттау нәтижелері негізінде университет Басқарма төрағасы-Ректорының сәйкес келетін білім беру бағдарламасы бойынша магистратураны аяқтаған және қорытынды аттестаттауды сәтті тапсырған магистранттарға сәйкес келетін білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін беру туралы бұйрығы жарияланады.
- 4.17 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын бітірген түлектердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламалары және берілген дипломдардың нөмірлері көрсетіле отырып, «Ұлттық білім беру деректер базасы» ақпараттық жүйесіне салынады.

	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 23.08.2023</p>	<p align="center">Басылым: сегізінші</p>
	<p align="center">Академиялық саясат</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-09</p>	<p align="center">53 беттің 50-беті</p>

- 4.18 Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелер беру ережелеріне және «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияны қорғау тәртібі» рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.19 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық курсына толық меңгерген, бірақ ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) академиялық кредиттерін қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.
- 4.20 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық курсына толық меңгерген, ДҒЗЖ (ДЭЗЖ) орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, бітіргеннен кейін бір жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертация қорғауға мүмкіндік беріледі.
- 4.21 Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң, докторант диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана ақылы негізде қорғауға жіберіледі.

5. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕРЗІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1. Магистратурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Магистр дәрежесін алу үшін белгіленген академиялық кредиттердің көлемін игерген және оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда магистратураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.
- 5.2. Магистратурада кадрлар даярлау екі бағыт бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады:
- 1) оқу мерзімі кемінде екі жыл ғылыми-педагогикалық;
 - 2) оқу мерзімі кемінде бір жыл бейінді.
- 5.3. Докторантурада оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Философия докторы (PhD) дәрежесін немесе бейіні бойынша дәреже алу үшін академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда докторантураның білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.
- 5.4. Докторантурада кадрлар даярлау кемінде үш жыл оқу мерзімімен магистратура мен резидентураның білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады.



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 23.08.2023	Басылым: сегізінші
Академиялық саясат	С БҚМУ 23-09	53 беттің 51-беті

Қосымша А
(міндетті түрде)

Н ПРО БҚМУ 401-02-2024

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

Күні:
23.08.2023

Басылым:
сегізінші

Академиялық саясат

С БҚМУ
23-09

53 беттің
52-беті

№	Күні	Енгізілген өзгеріс және/немесе толықтыру		Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға	
		бөлім, пункт	мазмұны	аты-жөні	қолы

Қосымша Ә
(міндетті түрде)

Н ПРО БҚМУ 401-03-2024

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

